

Е.В. Ермилова, С.В. Попкова,
С.С. Козина

Көркем еңбек

2

Жалпы білім беретін мектептің
2-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Оқу-дәржүеттік министрлігі бекіткен



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 85.1 я71
E69



Шартты белгілер:



– үйрен



– жұмысты бағала



– ойлан да, жаса



– қорытынды жаса



– тәжірибе жүргіз



– бейнематериалды көр



– тапсырманы орында



– тапсырманы өз бетінше орында

Ермилова Е.В. және т.б.

E69 **Көркем еңбек.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық / Е.В. Ермилова, С.В. Попкова, С.С. Козина. – Алматы: Мектеп, 2022. – 168 б., сур.

ISBN 978-601-07-1636-0

E 4306022000-094 1(1)-22
404(05)-22

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 85.1 я71

ISBN 978-601-07-1636-0

© Ермилова Е.В., Попкова С.В.,
Козина С.С., 2022
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірлүй, 2022
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

-
1. ӨЗІМ ТУРАЛЫ
 2. МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ
 3. МЕНИҢ МЕКТЕБІМ
 4. МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ
 5. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ
 6. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ
 7. ҚОРШАҒАН ОРТА
 8. САЯХАТ

— Мазмұны —

КІРІСПЕ.....	6
Жұмысқа қажетті заттар.....	8
Жұмыс орны.....	10
Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақта!	11
Саған Алан мен Балапан сәлем жолдайды!	12

ӘЗІМ ТУРАЛЫ

1.1. Қораптағы ойыншықтар	13
1.2. Қағаз ойыншықтар	17
1.3. Қозғалмалы ойыншықтар	22
1.4. Ойыншықтарды ойнатамыз	26
ҚОРЫТЫНДЫ	30

МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

2.1. Менің сүйікті түстерім	32
2.2. Достармен табиғат аясында	36
2.3. Сенің үстеліндегі натюрморт	40
2.4. Менің мамандығым	45
ҚОРЫТЫНДЫ	50

МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

3.1. Жылжымалы суретті кітаптар	52
3.2. Жылжымалы суреттер	56
3.3. Ерекше кітаптар	60
3.4. Кітап дайын	64
ҚОРЫТЫНДЫ	68

МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

4.1. Туған өлке табиғаты	70
4.2. Туған өлкенің жануарлары	74
4.3. Туған өлкенің құстары	79
4.4. Жануарлардың суретін саламыз	83
ҚОРЫТЫНДЫ	88

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

5.1. Біз де спортшылармыз!	90
5.2. Өнер және қозғалыс	94
5.3. Қозғалыс – денсаулық кепілі!	97
5.4. Адам денсаулығы.	101
5.5. Идея бар!	104
ҚОРЫТЫНДЫ	108

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

6.1. Салт-дәстүрді зерделеу	110
6.2. Сиқырлы киіз	114
6.3. Костюмді безендіреміз	118
6.4. Аксессуарлар жасаймыз	122
6.5. Өз қолымызбен жасаймыз	126
ҚОРЫТЫНДЫ	130

ҚОРШАҒАН ОРТА

7.1. Гүлдердің оянуы	132
7.2. Көктемгі гүлдер	136
7.3. Жарқырауық қоңыздар	140
7.4. Алуан түрлі құстар!	144
ҚОРЫТЫНДЫ	148

САЯХАТ

8.1. Саяхат басталады!	150
8.2. Саяхат жалғасуда! Дөңгелектер мен біліктер қалай қозғалады?	154
8.3. Теңіздермен, толқындармен!	158
8.4. Үлкен саяхат	161
ҚОРЫТЫНДЫ	164
ГЛОССАРИЙ	166
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	168

Kipіспе

Қымбатты дос!

Сен өнер жолына
апаратын оқулықпен
тәнисуды әрі қарай
жалғастырасың. Біз сені
көркемөнер әлеміне
саяхатқа шақырамыз.
Саяхат барысында
түрлі пішіндердің,
сызықтардың,
бояулардың,
қағаздардың және
табиғи материалдардың
қасиеттерімен
тәнисасың.

Саяхат жасауға
кішкентай қар барысы
Алан мен бала бүркіт
Балапан көмектеседі.
Әйткені қар барысы –
әдемі әрі күшті жануар.
Қар барысы – Қазақстан
Республикасының
ұлттық нышаны.



Ал бүркіт еліміздің
мемлекеттік туында
бейнеленген.

Қалықтап ұшқан бүркіт
қыындыққа қарамастан
алға ұмтылу дегенді
білдіреді. Алан мен
Балапан саған жаңа
тақырыпты түсінуге
көмектеседі.

Бұл пәннің
мақсаты – әртүрлі
әдістер мен көркем
материалдарды
қолданып сені шығар-
машылық түрғыда
дамыту, бұйымдарды
құрастыру дағдыларын
менгерту, ұлттық салт-
дәстүрмен тәнисстыра
отырып, өзіндік
ойлауың мен көркемдік
білімінді қалыптастыру.

Сондықтан да
көркем еңбек пәніне
ерекше **міндеттер**

жүктелген. Бейнелеу өнерінің әртүрлі әдістерін меңгеру арқылы сурет салу мен қолөнер бұйымдарын жасауға қажетті білімінді, дағдың мен қабілетінді дамытасың. Сабак барысында әлемдік және қазақстандық суретшілер мен мұсіншілердің, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің тамаша туындыларымен танысасың. Шығармашылық жұмыстарды орындаі отырып ақпарат түрлерін іздеуді, жинауды, сұрыптауды және оны өмірде қолдана білуді



Алан

менгересің. Сонымен қатар топтық және жеке жұмыстарды орындау арқылы шығармашылық жұмыстарды жасайтын боласың.

Оқулық пен жұмыс дәптері сенің осы бағытта білім алуыңа көмектеседі. Саған көп еңбектенуге тура келеді. Сол кезде сенің адап достарың Алан мен Балапан қашанда қасынан табылады.

Сенің саяхатыңа сәттілік тілейміз!

Авторлар



Балапан



ЖҰМЫСҚА ҚАЖЕТТИ ЗАТТАР

Материалдар – бұйымдар жасауға пайдаланылатын заттар.

Алан мен Балапан саған жұмыс жасауға арналған материалдар мен құралжабдықтарды дайындағы. Олардың көбін сен білесің. Суреттерге қара:


- Сен қандай материалдармен алғаш жұмыс істегелі отырысың?
- Бұл материалдардан не жасауға болады?




Құрал-жабдықтар – шығармашылық жұмыстарды орындауға қажетті заттар.

Суретте әртүрлі құрал-жабдықтар бейнеленген:

- Қандай құрал-жабдықтар саған таныс?
- Олар қалай аталады?
- Не үшін қолданылады?



ЖҰМЫС ОРНЫ




ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТА!

ДҮРЫС ЕМЕС



ДҮРЫС



Саған Алан мен Балапан сәлем жолдайды!

Біз сені «Көркем еңбек» еліне ғажайып саяхатты жалғастыруға шақырамыз. Саяхат саған көркем кескінDEMЕШІ, график-суретші, мүсінші, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің шығармашылығымен танысуға көмектеседі. Егер сен шығармашылықтың құпияларын білгің келсе, осы кітаптың мазмұнымен таныс.



Сенің көмекшілерің:



1

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1.1. Қораптағы ойыншықтар

БҮЛ САБАҚТА:

- ойыншықтардың пішінімен, фактурасымен танысасың және қандай материалдардан жасалатынын білесін;
- ойыншықтардың суретін фигуралардың көмегімен салып үйренесін.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- пішін
- материалдар
- қасиеті



ҮЙРЕН

Ойыншықтар жасалған **материалына**, **пішініне** қарай әртүрлі болады. Ойыншықтар – түрлі мамандықтағы адамдар жұмысының нәтижесі. Суретші ойыншықтың суретін салса, шебер оны жасайды. Ал тігінші ойыншыққа киім тігеді.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Ойыншықтарға қара (1-сурет).

- Ойыншықтар не үшін қажет?
- Ойыншықтар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
- Сенің қандай сүйікті ойыншықтарың бар?



1-сурет. Әртүрлі материалдардан жасалған ойыншықтар



ҮЙРЕН

Ойыншықтар әртүрлі материалдардан жасалады (1-сурет). **Материалдар** – бұйымдар жасауға пайдаланылатын заттар. Материалдар әртүрлі болады.



Табиғи материалдар – бізді қоршаған табиғаттан табуға болатын заттар, олар:

- өсімдіктекі – бұтақтар, бүрлер, жапырақтар, тұқымдар;
- минералды – саз, құм, тас.



Жасанды материалдар – адам қолымен жасалған заттар: пластмасса, резенке, тоқыма материал, фольга, қағаз, желім.

Материалға байланысты ойыншықтардың беткі **фактурасы** әртүрлі болуы мүмкін. Оған ойыншықты қолмен сипау арқылы көз жеткізуге болады.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР





ОЙЛАН ДА, ЖАСА



Сыныптастарыңмен бірге талқыла:

- Ойыншықтардың беткі фактурасын қалай анықтауға болады?
- Ойыншықтардың беткі фактурасы бір-бірінен қалай ерекшеленеді (2-сурет)?



2-сурет. Беткі фактурасы әртүрлі ойыншықтар



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ



Материалдар **қасиетіне** байланысты жұмсақ, қатты, иілімді болады.

Балапан барлық материалдардың қасиеті бірдей болады деп ойлайды. Оған көз жеткіз.

Ол үшін әртүрлі материалдар ал: бір парап қағаз, мата қындысы, ермексаз. Осы материалдарды иіп, мыжып, жайып көр. Не байқадың? Байқағаныңды айтып бер.




ҮЙРЕҢ


Ойыншықтар әртүрлі пішінде: **жазық** немесе **көлемді, қарапайым** немесе **күрделі** болуы мүмкін (3, 4-суреттер). Күрделі пішін бірнеше қарапайым пішіннен құралады.



Ойыншықтарды әртүрлі фигуralармен қалай салғанымды қара.



3-сурет. Қарапайым жазық пішінді ойыншық




4-сурет. Көлемді күрделі пішінді ойыншық



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

5-суреттегі бір ойыншықты таңда. Жұмыс дәптеріне оны құрайтын фигуralардың суретін сал.



5-сурет. Ойыншықтар

Жұмыс дәптерінің 4, 5-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптасыңмен жұмысыңды алмастыр. Сыныптасыңа қойған бағаңың себебін түсіндір.



Ұқыпты



Дұрыс



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Ойыншықтар туралы жаңадан не білдін?



1.2. Қағаз ойыншықтар

БҮЛ САБАҚТА:

- Қағаздан ойыншықтар жасайсың;
- Жұмыстың орындалу реттілігін анықтайсың;
- Қағаздан көлемді ойыншықтар конструкциялайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- трафарет
- Қимағулгі

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Сыныптастыңмен бірге 1-суреттегі ойыншықтарға қара.



- Бүл ойыншықтардың ұқсастығы неде?
- Ойыншықтар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?



1-сурет. Қағаздан жасалған көлемді ойыншықтар

Жұмыс дәптерінің 6, 7-беттеріндегі тапсырмаларды орында.




ҮЙРЕН

Қағазды бүктеуге, ширышықтауға, желімдеуге, қиоға болады. Одан ойыншықтарға арналған көлемді фигуralар жасай аламыз.

Көлемді фигуралар – жан-жағынан қарастыруға болатын фигуralар. Бірдей ұзындықтағы қағаз кесінділерінен шар жасауға болады.

Әртүрлі фигураны **қимаұлгінің** немесе **трафареттің** көмегімен конструкциялай аласың (2, 3-суреттер). Қарындаштың көмегімен жалпақ фигураны бастырып, айналдыра сыйып шығуға болады.




2-сурет. Қимаұлгіні пайдалану



3-сурет. Трафаретті пайдалану



Қағаз кесінділерінен шарды қалай жасағанымды қара (4-сурет).





4-сурет. Шардың көлемді пішінін жасау



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



Қағаздан конусты қалай жасағанымды қарашы (5-сурет).




5-сурет. Конус жасау



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ


Егер Балапан дөңгелектің әртүрлі бөліктерін қолданса, онда конус түрлері де өзгереді (6-сурет). Солай екендігіне көз жеткіз. Тәжірибе қалай орындалғанын айтып бер.



6-сурет. Дөңгелектің әртүрлі бөліктері

Мен бірнеше конус түрлерін жасадым (7-сурет). Ал сенің жасаған конусың қандай?






7-сурет. Конус түрлері



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

Арыстан ойыншығын жасау үшін қандай көлемді және жазық бөлшектерді дайындау керектігін айтып бер (8-сурет).



8-сурет. Ойыншық жасауға арналған бөлшектер



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс кезінде сақ бол.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде ұсын.
- Қағазбен және қатырмағазбен жұмыс жасағанда абай бол. Шеттері өткір болуы мүмкін.

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Алан мен Балапан саған көлемді пішінді қағаз ойыншық жасап көруді ұсынады. Қандай ойыншық жасайтыныңды ойлан. Бөлшектерді қыып алып, желімнің көмегімен біріктір.

Жұмыс дәптерінің 8, 9-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Жұмысынды партада сыныптастарың көре алатындей етіп орналастыр. Сыныптастарыңың жұмыстарын бағала.



Ұқыпты



Дұрыс



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Ойыншықтардың көлемді пішіні туралы жаңадан не білдің?
- Саған қандай көлемді фигуralарды жасау қын болды?

1.3. Қозғалмалы ойыншықтар

БҮЛ САБАҚТА:

- конструкция бөлшектерін біріктіріп үйренесің;
- шығармашылық жұмысты орындау ретімен танысасың;
- қозғалмалы ойыншықтарды конструкциялайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- бұйым
- бөлшек
- конструкция



ҮЙРЕН

Кейбір бұйымдар тек бір бөлшектен тұрады. Алайда көптеген бұйымдар түрлі тәсілмен біріктірілген бірнеше бөлшектен тұрады.


Бұйым – біртұтас конструкция.

Бөлшек – конструкцияның немесе бұйымның бір бөлігі.



Бұйым конструкциясы деп оның бөлшектерін, пішінін және олардың өзара бірігу тәсілін айтады.

Ойыншық үйректе қозғалмайтын қосылыш бар (1-сурет). Бұл **қарапайым конструкциялы** ойыншық. Робот ойыншығында қозғалмалы қосылыш бар (2-сурет). Бірнеше бөлшектерден тұратын және қозғалмалы қосылыштары бар бұйымдар **күрделі конструкциялы** деп аталады.



1-сурет. Үйрек



2-сурет. Робот

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Суреттерге қара (3, а, ә-сурет). Әр заттың конструкциясы туралы айтып бер.
- Олардың бөлшектерінің қосылыс түрін ата, қозғалмалы қосылыс па, әлде қозғалмайтын қосылыс па?
- Қозғалмалы қосылыстар қозғалмайтын қосылыстардан несімен ерекшеленеді?



a)



ә)

3-сурет. Әртүрлі конструкциялы ойыншықтар:

a) түйе; ә) тікұшақ




ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Бір нұсқаны таңдап, ойыншық құрастыр.

1-нұсқа. Қозғалмалы ойыншық аю жасау үшін қатырмақағаз бетіндегі бөлшек қимаулгілерін бастырып

сызып шық. Бөлшектерді қыып алып, жіптің, түйменің көмегімен біріктір, біріккен жерін таяқшаға бекіт (4-сурет).



4-сурет. Қозғалмалы ойыншық аю жасау

2-нұсқа. Түрлі түсті қағаздан суретте көрсетілгендей етіп жұлдызқұрттың қозғалмалы конструкциясын жаса (5-сурет).



5-сурет. Қозғалмалы ойыншық жұлдызқұрт жасау

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Заттарды үстелге дұрыс орналастыр.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.
- Жұмыстан кейін жұмыс орнында жинастыр.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Ойыншықты сынап көр. Таяқшаны тартсан, аю қолын көтереді. Оның бөлшектері қозғалыс кезінде еркін қозғалуы керек. Егер олай болмаса, ойыншықтың қозғалысын жақсарту үшін не істеуге болады? Өз ойынды білдір.

Жұмыс дәптерінің 11–13-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастыңмен жұмысынды алмастыр.

Оның жұмысын бағала:

- Бұйымның конструкциясы қаншалықты берік және ыңғайлы?
- Жеке бөлшектер дәл жасалған ба?
- Бұйым дұрыс құрастырылды ма?
- Бұйым тартымды болатындей безендірілді ме?
- Қандай қызындықтар болды? Оларды қалай шештің?



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Қозғалмалы ойыншықтар туралы жаңадан не білгеніңді айтып бер.
- Ойыншықтардағы қозғалмалы қосылыс түрі қозғалмайтын қосылыс түрінен несімен ерекшеленеді?

1.4. Ойыншықтарды ойнатамыз

БҮЛ САБАҚТА:

- саусақ қуыршақтарының қандай болатынын білесін;
- саусақ қуыршағын таңдалған тәсілмен конструкциялайсын.


ТИРЕК СӨЗДЕР

- саусақ
- қуыршақтары
- контур



ҮЙРЕН

Қуыршақ театры – актердің қуыршақтар арқылы көркем бейне сомдайтын өнер саласы. **Саусақ қуыршақтары** – саусақтарға киілетін фигуralар (1-сурет).



1-сурет. Саусақтарға киілген саусақ қуыршақтары


СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Саусақ қуыршақтары бір-бірінен несімен ерекшеленеді (1-сурет)?
- Саусақ қимылдары фигуralардың қозғалуына қалай көмектеседі?



ҮЙРЕН

Саусақ қуыршақтарын жасау үшін әртүрлі конструкциялар қолданылады (2-сурет). Бұл ойыншықтарды саусаққа кию ерекшеліктеріне байланысты.



2-сурет. Саусақ қуыршақтары конструкциясының түрлері




ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Саусақ қуыршақтарын жасау үшін қимаұлгіні қалай қолданады (3-сурет)?
- Трафареттің көмегімен қандай бөлшектерді жасай аласың (4-сурет)?



3-сурет. Қимаұлгі



4-сурет. Трафарет


Жұмыс дәптерінің 15–19-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ҮЙРЕҢ

Саусақ қуыршағын жасау үшін қимаулгіні таңда (5-сурет):

- қимаулгіні қатырмақағазға қойып, контуры бойынша айналдыра қи;
- құстың немесе жануардың бейнесін жаса;
- қуыршақтың бөліктерін желіммен немесе скотч-пен біріктір.



5-сурет. Саусақ қуыршағын жасау кезеңдері



Менің қандай саусақ қуыршақтарын жасағанымды қарашы (6-сурет).



6-сурет. Саусақ қуыршақтары



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР





ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Заттарды үстелге дұрыс орналастыр.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Егер саусақ қуыршақтары кигізілген саусақтарынды бүксең, олар қозғала алады. Солай екендігіне көз жеткіз. Зерттеу жүргіз. Оны саусағыңа киіп, әртүрлі қозғалыс түрлерін жасауға тырыс. Тәжірибе туралы сыйыптастарыңа айтып бер.

Жұмыс дәптерінің 21-бетіндегі тапсырманы орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыйыптасыңмен жұмысынды алмастыр. Оның жұмысын бағала.

- Қимаұлгінің түрі ойдағыдай таңдалған ба?
- Бұйымның конструкциясы қаншалықты берік және ыңғайлы?
- Бұйымның суреті ұқыпты орындалған ба?



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Саусақ қуыршақтары туралы жаңадан не білдің?
- Саусақ қуыршақтарының конструкциясында айырмашылықтар бар ма?
- Жасалған қуыршақтарды пайдаланып, қандай қойылым қоюға болатынын ойлан. Ұсыныстарынды айт.



ҚОРЫТЫНДЫ

«Өзім туралы» бөлімінде:

- ойыншықтардың пішінімен және материалдарымен таныстыңың;
- конструкция бөлшектерін құрастырып үйрендің;
- ойыншықтардың фактурасы әртүрлі болатынын білдің;
- бүйым конструкциясындағы қозғалмалы және қозғалмайтын қосылыстардың ерекшеліктерін түсіндің.



Сен:

- фактура дегеніміз не екенін;
- ойыншықтың қандай материалдан жасалатынын;
- бүйым конструкциясы дегеніміз не екенін;
- трафарет пен қимаулғінің айырмашылығын түсіндіре аласың ба?

Сен:

- мына суреттердің ішінен цилиндрден жасалған көлемді ойыншықты;



- көлемді шар жасаудың дұрыс реттілігін;



- табиғи материалды;



- ойыншықтар пішінімен суреттер сәйкестігін көрсете аласың ба?

шар

конус

цилиндр



Сен:

- шығармашылық жұмыстар көрмесін;
- мына саусақ қуыршақтарының көмегімен қойылым үйымдастыра аласың ба?



2

МЕНИҚ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

2.1. Менің сүйікті тұстөрім

БҮЛ САБАҚТА:

- суретшілер күзді қалай бейнелейтінін білетін боласың;
- ағаш пен күзгі жапырақтардың эскизін жасап үйренесің.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- бақылаушы
- тұтас сурет
- сурет бөліктері
- фольга
- палитра



ҮЙРЕҢ

Шығармашылық жұмыста табиғат ерекшеліктерін көрсету аса мүқияттылықты қажет етеді. Табиғатты бақылау түрлі суреттер салуға мүмкіндік береді.



Бақылаушы – айналадағының бәрін сырттай бақылай және көре алатын адам.

Суретшілер сурет салғанда көргендерін немесе елестеткендерін бейнелейді. Алған әсерін, түйген ойын көркем материалдардың көмегімен полотноға түсіреді.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР


Пейзаждарға мұқият қара (1-сурет).



1-сурет. Әртүрлі пейзаждар

- Сен суретте күз бейнеленгенін қалай білдің?
- Суретші күзді бейнелеуде қандай түстерді қолданған?
- Неге 2, 3-суреттер күзгі көңіл күйді тудырады?
- Ағаштар пейзажда қандай рөл атқарады?

Жұмыс дәптерінің 22-бетіндегі тапсырманы орында.



2-сурет. Жол



3-сурет. Іле Алатауындағы күз



Жеке **бөліктерден тұтас суретті** құрастыру
композиция деп аталады.



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Суретшінің ағаш жапырағын қалай бейнелегеніне мән бер. Суретте күзгі жапырақ бейнеленгенін қандай белгісіне қарап білуге болады (4-сурет)?

«Күзгі жапырақтар» тақырыбына композиция ойлап тауып, әңгімелеп бер.



1



2



3

4-сурет. Жапырақтың суреті



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Алан қылқаламның орнына әртүрлі материалдарды – умаждалған қағаз, **фольга**, мақта таяқшаларын қолданып, күзгі ағаштың бейнесін салуға болады дейді. Шынымен солай екенін анықта немесе бейнематериалды көріп көз жеткіз.

Күзгі ағаштардың суретін қандай негізгі түстерді қолданып салуға болады? Есінде түсір.

Палитрада әртүрлі бояуларды аралас-
тырып, жаңа түстік реңктер даярла (5-сурет).



5-сурет. Бояумен жұмыс



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарың бейнелеген ағаш суреттеріне қара.
Суреттерді бағала.



Ұқыпты орындалған



Жақсартуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Қандай түстерді күзгі деп атауға болады?
- Күзде қандай түс реңктері басым? Жылы ма,
әлде сұық па?

2.2. Достармен табиғат аясында

БҮЛ САБАҚТА:

- скетчтерді қалай жасауға болатынын білесің;
- бұлттар скетчін сыйықтар мен штрихтарды пайдаланып орындайсың.

ТИРЕК СӨЗ

- скетч




ҮЙРЕН

Еліміздің табиғаты – орманы мен даласы, тауы мен тасы, өзені мен көлі, теңіздері ерекше көркем. Суретшілер табиғат көріністерін туындыларына көшіріп салады. Табиғат бейнеленген суреттерде көбінесе әуе кеңістігіне ерекше орын беріледі.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

А.Куинджидің картиналарына мұқият қара (1, 2, 3-суреттер):



1-сурет.
Даръял шатқалы



2-сурет.
Бұлт



3-сурет.
Күннің батуы



- Бұлттардың пішіні қалай өзгерген?
- Бұлттар түсінің өзгериуі неге байланысты?



ҮЙРЕН

Өзінді саяхатқа жиналып жатырмын деп елестет. Сен тәуліктің әр мезгілінде әртүрлі болып көрінетін пейзаждарды көресің. Оларды есте сақтап қалғың келеді. Ол үшін **скетчтер** жасауыңа болады.



Скетч – эскиз ретінде қолдануға болатын шағын, тез салынатын сурет.



ТӘЖІРИБЕ ЖУРГІЗ

Балапан сзықтар мен штрихтарды пайдаланып, түрлі пішіндегі бұлттарды салып үйренуге болады деп ойлайды (4-сурет). Солай екендігіне көз жеткіз.

Сыныптастыңмен жүргізген тәжірибеленің нәтижесін талқыла.

Суреттегі **пішін** – бейнеленген заттың немесе нысанның ерекшелігін көрсететін сыртқы кескіні.




4-сурет. Бұлттар



Көк аспан мен бұлтты акварель бояуларымен қалай бейнелеуғе болатынын қара.


1-қадам. Ұлғалдау үшін қағазға қылқаламмен таза су жағып шық (5, *a*-сурет). Қылқаламды көк түсті бояу мен суға батырып ал (5, *ә*-сурет).



5-сурет. Жұмысқа дайындық

2-қадам. Аспанның ең жоғары жағына жолақ жүргіз. Екінші жолақты біріншісінен ашиқтау жаса. Содан кейін тағы бірнеше жолақ жүргіз. Жолақтың әрқайсысы алдыңғысына қарағанда ашиқтау болуы керек (6, *a*, *ә*-сурет).

3-қадам. Бұлттар орналасатын жерге құрғақ қылқаламды бірнеше мәрте жүргіз. Құрғақ қылқалам бояуды сіңіреді де, параста ақ түсті орындар – бұлттар қалады (6, *б*-сурет).



6-сурет. Акварель бояуларымен жұмыс



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

«Аспандағы бұлттар» композициясын бейнеле. Ол үшін түрлі түсті қарындаштар, борлар немесе акварель бояулары секілді материалдардың бірін ал. Тәуліктің бір мезгілін (таңертең, күндіз немесе кеш) және бұлттардың пішіні мен көлемін таңда.



Жұмыс дәптерінің 24, 25-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарың салған бұлттардың суреттеріне қара. Суреттерді бағала.



Ұқыпты орындалған



Қызықты жұмыс



Көрмеге ұсынуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Скетчтер жасауға қандай материалдар көмектесті?
- Саяхатта тағы нені бейнелегің келеді?

2.3. Сенің үстеліңдегі натюрморт

БҮЛ САБАҚТА:

- фрескаға ұқсас на-
тюрмортты бейнелеп
үйренесің;
- натюрморт саласың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- натюрморт
- фреска



ҮЙРЕН

1-сыныпта сен бейнелеу өнері **жанрының** бірі натюрмортпен таныстың.



Натюрморт – қоршаған ортадағы әртүрлі жансыз заттарды жеміс-жидектерді, көгөністерді, ыдыстарды, музықалық аспаптарды бейнелейтін бейнелеу өнерінің бір жанры.


Бұл жанрмен салынған суреттерді **натуралық сурет** деп атайды. Натура суретшінің көз алдында болады. Натураға қарап, сурет салу кезінде суретші оларды мұқият зерттейді. Олардың пішінін, түстерін салыстырады, ерекшеліктерін зерделейді.




ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Құмыра суретін салу кезеңдерімен таныс:


- құмыра кескінін белгіле (1, а-сурет);
- заттың пішінін нақтыла (1, ә-сурет);
- сзыбықтық суретті орында (1, б-сурет).



a)



а)



б)

1-сурет. Натураға қарап құмыра салу

Жұмыс дәптерінің 26-бетіндегі тапсырманы орында.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

Суретші **натуралық заттарды** натюрмортта қалай бейнелегенін анықта (2, 3-суреттер). Қалай ойлайсың, суретші қай суретте заттарды жоғарыдан қарап, ал қайсысында алдына орналастырып бейнелеген?



2-сурет. Л. Леонтьев.
Раушан гүлдері



3-сурет. А. Ғалымбаева.
Дастархан

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Көгөністер бейнеленген суреттерге қара (4-сурет).


- Олар несімен ерекшеленеді?
- Фондарының айырмашылығы неде?



4-сурет. Көгөністер натюрморты



ҮЙРЕҢ



Натюрморт бейнеленген қағаз ұсақ жарықшалары бар ескі **фрескаға** ұқсайды. Мұндай фон жасау үшін жұмысты бастамастан бұрын қағазды умаждалап, содан кейін қайта жаю керек (5-сурет).

5-сурет. Умаждалған қағаздағы натюрморт



Фреска – қабырғалардағы сылақ кеппей тұрғанда салынатын сурет. Уақыт өте келе бұл суреттерде жарықшалар пайда болады.

Ескі фреска түрінде натюрморт жасау үшін қағазда фонды дайындау тәртібі (6-сурет):


- қағаз парағын умажда;
- умаждалған парақты жайып, ашық қоңыр түсті акварель бояуын жақ;
- қағаз парағын кептір.



1



2



3

6-сурет. Фрескаға арналған фонды даярлау кезеңдері

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

1-қадам. Мұғалімнен натюрморт салуға қажет заттарды ал. Сыныптастарыңмен бірлесіп композиция құрастыр:

- негізгі заттың орнын анықта;
- үздік композиция шығару үшін үлкен және кіші заттардың орнын ауыстыр. Альбомда алғашқы нобайын жаса.

2-қадам. Фреска түрінде натюрморт жасау үшін қағаз фонды дайында.

3-қадам. Заттардан тұратын натюрморттың суретін сал.

Жұмыс дәптерінің 27–29-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

- Сыныптастарыңмен бірге көрме ұйымдастыр.
- Сыныптастарыңның жұмыстарын бағала. Ол үшін бағаңа сәйкес келетін әріптің екеуін таңда.

Ұ

Ұқыпты орындалған

Ә

Әдемі орындалған

Д

Дұрыс орындалған



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Фреска дегеніміз не?
- Умаждалған қағаздан натюрмортқа фон жасау кезеңдерін айтып бер.



2.4. Менің мамандығым

БҰЛ САБАҚТА:

- автопортрет дегеніміз не екенін білесің;
- «Менің болашақ мамандығым» атты сурет саласың.

ТИПЕК СӨЗДЕР

- автопортрет
- портрет
- бет әлпет кескіні

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Суреттерге қарап, мамандықтарды ата (1-сурет).
- Суреттерде бейнеленген мамандық иелері не істейді?



1-сурет. Түрлі мамандық иелері

Жұмыс дәптерінің 30-бетіндегі тапсырманы орында.



ҮЙРЕН

Сен адамның бейнесі **портрет** деп аталатынын білесің. Суретшілер әртүрлі мамандық иелерінің портретін жиі салады. Көптеген портретші-суретшілер **автопортреттер** салады.



Автопортрет – суретшінің өзін-өзі бейнелеуі.

СұРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Сыныптастарыңмен автопортреттерге назар аударып, талқыла (2, 3, 4-суреттер):

- Картиналардағы ортақ нәрсе не?
- Картинада суретшілердің өздері бейнеленгенін қалай анықтауға болады?



2-сурет.

V. Van Гог.
Мольберт
алдындағы
автопортрет

3-сурет.

Э. Виже-Лебрен.
Палитралы
автопортрет

4-сурет.


G. Ысмайилова.
Автопортрет



ҮЙРЕҢ

Суретші картинада негізгі әрекет бейнеленетін орталықты анықтайды. Мұны **композициялық орталық** деп атайды. Портретте композициялық орталық адам болып табылады (5, 6-суреттер).

Портреттер кеудеге, белге дейінгі, бойлық портреттер болып бөлінеді.




5-сурет. Ә. Қастеев.
Абай жайлауда



6-сурет. Б. Урманче.
Қ. Сәтбаевтың портреті

7-суреттегі адамның **бет әлпетін** бейнелеу кезеңдеріне назар аудар.



7-сурет. Адамның
бет әлпетін бейнелеу
кезеңдері



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



Жұмыс дәптерінің 31-бетіндегі тапсырманы орында.

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Бұл басқиімдер несімен ерекшеленеді (8-сурет)?
- Олар қандай мамандық иелеріне тиесілі?



1



2



3

8-сурет. Әртүрлі мамандық иелері киетін басқиімдер

Жұмыс дәптерінің 32, 33-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- «Менің болашақ мамандығым» атты сурет сал.
- Композиция ойлап тап: өзінді таңдаған мамандығыңың иесі ретінде бейнеле.
- Мамандықты бейнелейтін әртүрлі элементтерді пайдалана отырып, портретте болашақ мамандығыңың ерекшелігін көрсет.




ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Мына сұрақтарға жауап берे отырып, сыныптастарыңа презентация жаса.

- Қай мамандықты таңдадың?
- Жұмысты орындау барысында қандай қыындықтар болды?
- Ол қыындықтардан қалай өттің?
- Жұмысын қалай аталады?

Жұмыс нәтижелеріне түсінік бер және бағала. Ол үшін бағалайтын әріпті таңда.



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Өзіңе ұнайтын мамандық иесін қалай бейнеледің?
- Сабакта алған қай ақпарат саған көмектесті?
- Таңдаған мамандығын саған несімен ұнады?

ҚОРЫТЫНДЫ



«Менің отбасым және достарым» бөлімінде:

- күз мезгілі туралы суреттермен таныстырың;
- күзгі ағаштың эскизін жасадың.



Сен:

- скетч дегеніміз не екенін;
- портреттің автопортреттен айырмашылығын;
- фреска дегеніміз не екенін **түсіндіре аласың ба?**


Сен:

- кестедегі қай түстер жылды түстерге, ал қай түстер суық түстерге жататынын;



- суретші күзгі пейзажды бейнелеу үшін қандай түстерді пайдаланғанын;

- ағаш жапырағын бейнелеу реттілігін;



- мамандықтар мен басқиімдер сәйкестігін **көрсете аласың, ба?**



Өртсөндіруші
касқасы



Аспазшы
қалпағы



Ғарышкер
шлемі

Сен:

- шығармашылық жұмыстарды көрмеге қалай дайындау керектігін;
- шығармашылық жұмыстар көрмесін қалай үйымдастыруға болатынын **білесің бе?**



3

МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

3.1. Жылжымалы суретті кітаптар

БҮЛ САБАҚТА:

- кітаптарды қандай материалдардан жасағанын білесің;
- кітапқа сюжет ойлап табасың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- суретші-иллюстратор
- сюжет



ҮЙРЕҢ

Кітап адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Көне жазбаларда адамдар қоршаған әлемді сурет және жазу түрінде сипаттады.



Жазулардың бұрын неге жазылғанын, суреттердің қалай салынғанын қара (1-сурет).

Жұмыс дәптерінің 34, 35-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



a)



ә)



б)

1-сурет. Көне жазбалар: a) тастағы жазулар; ә) папирустағы жазулар; б) сазға жазылған жазулар



СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР


Суреттерге қара (1, а, ә, б-сурет):

- Көне жазбаларды пайдалану ыңғайлы болды ма?
- Олар қазіргі кітаптардан несімен ерекшеленеді?



ҮЙРЕҢ

Кітап мынадай негізгі бөліктерден тұрады (2-сурет).
Беттерді бірнеше дәптерге, ал дәптерлерді кітапқа біріктіреді.



Кітаптың мұқабасы

Кітаптың түбі

Кітап бетбелгісі

Кітап блогы



2-сурет. Кітаптың негізгі бөліктері

Жұмыс дәптерінің 36-бетіндегі тапсырманы орында.

Кітаптар өлшеміне және пішініне қарай әртүрлі болады. Олар **кішкентай** немесе **улкен, қарапайым** немесе **күрделі** болуы мүмкін.



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Алан мен Балапанның дауын шешуге көмектес. Суреттегі кітаптардың пішіні қандай? Анықта (3-сурет).



**Бұлар қара-
пайым пішінді
кітаптар!**



**Жоқ, бұлар
қүрделі пішінді
кітаптар!**



3-сурет. Пішіндері әртүрлі кітаптар



ҮЙРЕН

Ертегінің немесе қандай да бір оқиға мәтініне қатысты суреттер **иллюстрация** деп аталады. Балаларға арналған кейбір кітаптардағы **иллюстрациялар жылжымалы** болып келеді. Кітапты ашқанда, олар парастағанда жоғары көтеріледі (4-сурет).



4-сурет. Кітаптағы жылжымалы иллюстрациялар



Иллюстрациялар жасайтын суретшіні **суретші-илюстратор** деп атайды.

Ертегі сюжеті – әртүрлі оқиғалардың бірінен соң бірі баяндалуы. **Персонаж** – оқиға, әңгіме немесе ертегі кейіпкері.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

Сұрақтарға ойланып жауап бер:

- Қандай ертегінің сюжеті туралы әңгімелеп бергің келеді?
- Сенің кітабыңың пішіні қандай болады?

Жұмыс дәптерінің 37-бетіндегі тапсырманы орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарың ұсынған сюжеттермен танысып, жұмыстарды бағала:

К
Ж

Қызықты идея

Жақсарту керек



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Кітап қанша бөліктен тұрады?
- Сюжет дегеніміз не?

3.2. Жылжымалы суреттер

БҮЛ САБАҚТА:

- жылжымалы иллюстрациясы бар кітаптардың қалай жасалатынын біletін боласың;
- кітап персонаждарының пішіндерін жасайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- жылжымалы иллюстрация
- персонаж



ҮЙРЕН

Алдыңғы сабақта сен кітаптардағы жылжымалы иллюстрациялармен таныстың (1-сурет).



1-сурет. Жылжымалы иллюстрациясы бар кітап



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР




Жұмыс дәптерінің 38-бетіндегі тапсырманы орында.



Кітап бетін қалай жасауға болатынын қара.

1-қадам. Кітап беті үшін негіз жасау (2-сурет).




2-сурет. Жылжымалы иллюстрациясы бар кітап бетінің негізін дайындау

----- (үзік сзызық) бүктеу сзызығы қағаздың бүктелетін тұсын білдіреді.



2-қадам. Жылжымалы иллюстрация жасау (3-сурет).




3-сурет. «Алдаркөсе» ертегісінің жылжымалы иллюстрациясын жасау



ОЙЛАН Да, ЖАСА

- Сыныптастыңмен жұптасып құстың бейнесін жасау кезеңдерін талқылап, түсініктеме бер (4-сурет).
- Суреттегі кейіпкерлер бейнеленген тағы қандай ертеғілерді білесің?



a)



ә)

4-сурет. Жылжымалы иллюстрация жасау:

а) пингвин; ә) тотықұс

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Жеке қағаз парағына кітап персонаждарының суретін сал немесе жұмыс дәптерінің 39-бетінен дайынын қыып ал.
- Жұмысты қандай бөлшектермен толықтыруға болатынын ойлан.



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Жұмыс кезінде оқыс қимыл жасама.
- Қайшымен жұмыс істегендеге ұқыпты бол.
- Қайшыны жауып, үшін өзіңе қаратып бер және қайшының өткір жүзіне қол тигізбе.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Жұмысыңды үстелге сыныптастар көре алатындей етіп қой. Презентация жаса. Сыныптастарыңың жұмысын бағала. Ол үшін бағалауға арналған әріптердің бірін таңда.

Ұ

Ұқыпты орындалған

Ж

Жұмысты жақсарту

Қ

Қызықты идея

Қ

Көрмеге ұсынуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Жұмысың туралы айтып бер.
- Жоспарлаған нәрсенді жасай алдың, ба?
- Жұмыс барысында қандай қындықтар туын-дады?

3.3. Ерекше кітаптар

БҮЛ САБАҚТА:

- кітап мұқабасының қалай жасалатынын білесін;
- кітап мұқабасын жасап үйренесін.


ТИРЕК СӨЗ

- автор




ҮЙРЕН

Көркем еңбек сабағында сен қарапайым немесе құрделі пішінді кітап жасайсың (1, 2-суреттер). Қарапайым пішінді кітапты қағазды бүктеу арқылы жасауға болады.



1-сурет. Қарапайым пішінді кітап жасау

Оны ұзарту үшін тағы бір қағаз парағын бүктеп, екі бүктеме қағазды түрлі түсті немесе ақ қағаздың жіңішке тілікшесі арқылы желімдеу керек.



2-сурет. Күрделі пішінді кітап жасау



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ҮЙРЕН

Кез келген кітап мұқабадан басталады. Мұқабадағы суреттер туындының мағынасын ашуға ғана емес, оны безендіруге де көмектеседі.




Кітап мұқабасы – кітаптың авторы мен атауы туралы ақпарат жазылатын сыртқы тысы.
Автор – кітапты жазған адам.


Кітаптың мұқабасындағы мәтіндер мен суреттер мәтін аясының шегінен шықпауы керек (3-сурет).



a)



ә)



3-сурет. Мәтін аясының шегі: a) дұрыс; ә) дұрыс емес

Жұмыс дәптерінің 41, 42-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



Қазақстанның «Тәуелсіздік монументі» Алматы қаласында орналасқан. Монументтің негізінде мұсіндік композицияның бір бөлшегі ретінде кітап берілген (4-сурет).



4-сурет. Қазақстанның «Тәуелсіздік монументі» мұсіндік композициясындағы кітап



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Алан мен Балапанның дауын шешуге көмектес (5-сурет).
- Кітаптардың мұқабаларында не бейнеленген? Мұқабадағы суреттер кітап атауымен қалай байланысты?



Кітап мұқабаласындағы кейіпкердің суреті декоративті!



Жоқ, кітап мұқабасындағы кейіпкердің суреті шынайы!



5-сурет. Кітап мұқабалары



СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Мұқабада кітаптың атауын, автордың аты-жөнін қалай орналастыру керек?
- Мұқабаға қандай суреттер салуға болады?

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Жұмыс дәптерінің 43-бетіне өз кітабыңың мұқабасына иллюстрация жаса.
- Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайында.
- Кітаптың атауын жаз.
- Жұмысыңды сыныптастарыңа көрсет.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңың жұмысын бағала. Ол үшін бағаңа сәйкес келетін әріптерді таңда.

К

Қызықты идея

Ж

Жақсарту керек

Т

Толықтыру қажет

К

Көрмеге ұсынуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Кітап мұқабасы қандай ақпарат береді?
- Мұқаба иллюстрациясы кітап атауымен байланысты ма?

3.4. Кітап дайын

БҮЛ САБАҚТА:

- кітапты сұныбыңа таныстырасың;
- сұныптастарыңың жұмысын бағалайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- кітапхана
- кітапхана каталогі



ҮЙРЕН

Кітапхана сөзі грек тілінен аударғанда «қойма, кітап қоймасы» дегенді білдіреді. Кітапханадан қызықты және танымдық ақпараты бар кітаптарды табуға және алып оқуға болады.

Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы орналасқан (1-сурет). Бұл кітапхананың ғимараты еліміздің тарихи және мәдени ескерткіштерінің бірі болып табылады.



1-сурет. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы



СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Сыныптастарыңмен бірге кітаптарды қалай сақтау керектігін талқыла:

- Сенің мектебінде кітаптар қалай сақталатынын айтып бер.
- Қажетті кітапты қалай тез табуға болады?
- Кітапхана кітаптары туралы барлық ақпарат қайда жазылады?

Жұмыс дәптерінің 44, 45-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ҮЙРЕН

Кітапхана каталогі – кітапханада сақталатын кітаптар туралы ақпараты бар карточкалар жиынтығы.



Кітаптарды кітапханадан оңай табу үшін әр кітапқа арнағы карточка жасалады. Барлық карточка кітапхана каталогінде сақталады.

Қазіргі кездे көптеген кітапханаларда карточкалар жиынтығы электронды каталогте сақталады.

Кітаптар арасындағы әріптер жазылған қағаз кесінділерге қара (2-сурет). Әр әріп кітап авторының бас әрпін білдіреді.





2-сурет. Кітапханадағы кітап сөрелері




ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Сыныптастарыңмен бірге оқу бөлмесіндегі сөрелерден кітаптарды орналастыруға болатын орынды таңда.
- Кітаптарды авторы бойынша оңай табуға болатындей етіп орналастыр.
- Қағаз кесінділеріне қандай әріптерді жазу керектігін анықта.
- Қағаз парағының түсін таңда. Қағаз кесіндісін алу үшін оны ортасынан бұкте.
- Қағаз кесінділеріне қажетті әріптерді түрлі түсті қарындашпен немесе бояумен жаз.
- Кітаптардың арасына көрінетіндей етіп әріптер жазылған қағаз кесінділерін қойып шық.



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Кітапқа бірнеше бет дайында.
- Кітап мұқабасын жаса.
- Кітап беттерін түрлі тәсілдердің бірін қолданып біріктір (3-сурет).
- Жұмысты қандай қосымша бөлшектермен толықтыруға болатынын ойлан.



3-сурет. Беттерді біріктіру тәсілдері: а) таспамен біріктіру; б) степлермен біріктіру



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңың жұмысын бағала. Ол үшін өз бағаңа сәйкес келетін әріптерді таңда.

K

Қызықты идея

T

Толықтыру қажет

K

Көрмеге ұсынуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Кітаптарды не үшін кітапханаларда сақтайды?
- Қағаз кесінділеріне не үшін әріптерді жазу керек?



ҚОРЫТЫНДЫ

«Менің мектебім» бөлімінде:

- көне жазбалар қандай материалдарға жазылғанын білдің;
- жылжымалы сурет жасап үйрендің;
- сыныптастарың жасаған кітаптарды бағаладың.



Сен:


- кітап қандай бөліктерден тұратынын;
- кітапхана дегеніміз не еkenін **түсіндіре аласың ба?**

Сен:

- суреттегі қай кітап қарапайым пішінді, ал қай кітап күрделі пішінді еkenін;



- жылжымалы иллюстрациясы бар кітап бетінің негізін дайындау реттілігін **көрсете аласың ба?**



Сен:

- ертегі немесе әңгіме персонаждарын жасау үшін шығармашылық идеялар;
- кітап беттерін жасау үшін бейнелеу материалдарын;
- мектеп кітапханасында шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыру үшін идеялар **ұсына аласың ба?**



4

МЕНИҚ ТУҒАН ӨЛКЕМ

4.1. Тұған өлке табиғаты

БҮЛ САБАҚТА:

- түс реңктерінің ерекшелігін түсінесің;
- «Тұған өлке пейзажы» композициясын саласың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- пейзаж
- түс реңкі
- түстер үйлесімі



ҮЙРЕҢ

Өзің күнделікті көріп жүрген заттардың: ағаштың, гүлдің, үйдің, даладағы жылқының, жайлаудағы киіз үйдің – өз пішіні, түсі мен реңкі, кескін-келбеті бар. Бейнелеу өнеріндегі табиғат көрінісінің суреті **пейзаж** деп аталады. Пейзажды салу кезінде суретшілер көптеген түстер мен реңктерді пайдаланады.

СұРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Суретшілер салған картиналарда қандай түстердің реңктері қолданылған (1, 2-суреттер)?
- Әр пейзажға суретшілер қандай көңіл күй берген? Көңіл күйді қалай бейнелеуге болатынын түсіндір.



1-сурет. Ж. Шәрденов.
Медеу көктемі

2-сурет. Ә. Қастеев.
Гүлденген алма ағаштары




ҮЙРЕҢ


Тұстар үйлесімі суретшілерге өз шығармаларында белгілі бір көңіл қойді қалыптастыруға көмектеседі. **Жылы, сұық** және **аралас** тұс үйлесімі болады (3-сурет). Сұық тұстар үйлесімі сұық тұс реңтерінен тұрады. Жылы тұс реңтері жылы тұстар үйлесімін құрайды.



Жылы тұстар
үйлесімі



Сұық тұстар
үйлесімі



Аралас тұстар
үйлесімі

3-сурет. Тұстар үйлесімі



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Егер таңдалған гуашьқа ақ бояу қосып, акварельді сумен сұйылтса, онда олардан ашық түс алуға болады (4, *a*-сурет). Ал таңдалған гуашьқа қара бояу қосса, онда түс қоюланады (4, *ә*-сурет). Бір түстің ашық және қою реңктерінің арасындағы түсті қалай алуға болады? Тәжірибе жасау арқылы анықта. Тәжірибе нәтижесіне түсініктеме бер.

Жұмыс дәптерінің 46, 47-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



a)



a)



4-сурет. Түстермен тәжірибе: *a*) ашық түс алу;
ә) түсті қоюландыру



БЕЙНEMАТЕРИАЛДЫ КӨР





ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Жұмыс дәптерінің 48-бетіндегі тапсырманы орында.
- Аспан, жер, өзендер мен көлдер, ағаштар қай жерде орналасатынын анықта.
- Нысандарды салуды аяқтап, олардың пішінін көрсет.
- Әртүрлі көркем материалдарды қолдана отырып суретті аяқта.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңмен пейзаждар көрмесін ұйымдастыр. Жұмыстарды бағала. Ол үшін бағаңа сәйкес әріптердің бірін таңда.

K

Қызықты идея

T

Толықтыру қажет

K

Көрмеге ұсынуға болады

J

Жақсарту қажет



КОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Түстер үйлесімі дегеніміз не?
- Жылы түс қандай көңіл күй сыйлайды?
- Суық түс ше?

4.2. Тұған өлкенің жануарлары

БҮЛ САБАҚТА:

- фигуралардың көмегімен жануарлар мен өсімдіктердің суретін салып үйренесің;
- сабақ тақырыбына сәйкес плакат жасайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- Қызыл кітап
- анималистер



ҮЙРЕҢ

Қазақстанның жануарлар әлемі алуан түрлі. Құстардан әйгілі сақалтайды, құмайды, бүркітті және т.б. кездестіруге болады (1-сурет). Орманда бұлан, елік, бұлғын, ал тауда марал, сілеусін мекендейді (2-сурет). Қазақстанның даласы тұщы және тұзды көлдерімен әйгілі. Онда үйрек, қаз, қарқылдақ, шағала, шалшықшы, құтандарды кездестіруге болады.

Бүркіт



Сақалтай

Сілеусін



Бұлғын

1-сурет. Құстар

2-сурет. Жануарлар



Қазақстанда сирек кездесетін және жойылу қаупі төніп тұрған жануарлар мен құстар да бар. Қар барысы, ақбөкен, қызғылт қоқиқаз, аққу сияқты көптеген жойылып бара жатқан жануарлар мен құстар Қызыл кітапқа енгізілген (3-сурет).

Қызыл кітап – сирек кездесетін, жойылу қаупі бар өсімдіктер мен жануарлар туралы мәліметтер беретін кітап.

Қызыл түс – қауіп белгісі. Ол адамзат баласына «өсімдіктер мен жануарларға қауіп төніп тұр, оларға көмектесіңдер» деп ескерtedі.



3-сурет. Қазақстандағы жануарлар мен құстар

Қазақстанның өсімдіктер мен жануарларды қорғау туралы алғашқы Қызыл кітабы 1978 жылы жарық көрді.



[БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР](#)

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Неге жануарлар мен өсімдіктер Қызыл кітапқа енгізіледі?
- Жойылып бара жатқан жануарларды сақтап қалу үшін не істей аламыз?

Жұмыс дәптерінің 49-бетіндегі тапсырманы орында.



ҮЙРЕҢ

Суретшілер ақпараттық плакаттың көмегімен сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларға назар аударта алады.



Плакат – графикалық өнердің бір түрі.

Басқа ақпараттардың арасынан жақсы көрінуі үшін, плакатты ашық, тартымды етіп жасау қажет (4-сурет).



4-сурет. Қызыл кітап туралы плакаттар

Жануарлардың суретін салатын суретшілерді **анималистер** деп атайды.





Орындау техникасы бойынша плакаттар суреті қолмен салынған, фотоплакат, коллаж плакат, мәтінді плакат болуы мүмкін.




ОЙЛАН ДА, ЖАСА

Саған жануарлар мен құстарды бейнелеуге мынадай фигуralар: дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, тіктөрбұрыш көмектеседі. Бір нұсқаны (5, 6-суреттер) таңдал:


- жануарлардың суреттері қандай фигуralардан тұратынын;
- түлкіні немесе қоқиқазды салуға қандай фигуralар көмектесетінін;
- суретке қандай қосымша бөлшектерді қосуға болатынын анықта.

1-нұсқа



5-сурет. Түлкіні салайық

2-нұсқа



6-сурет. Қызғылт қоқиқазды салайық

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Сыныптастарыңмен «Туған өлкенің жануарлары» немесе «Қазақстанның Қызыл кітабы» тақырыбына плакат жаса.

1-нұсқа. Суретін өзің салып, плакат жаса.

- Сыныптастарыңмен плакатқа идея ойлап тап.
- Плакатта суреттің және мәтіннің орнын анықта.
- Бейнелеу құрал-жабдықтары мен материалдарды таңдап, плакатқа сурет сал.

2-нұсқа. Коллаж плакат жаса.

- Таңдалған тақырыпқа байланысты газет, журнал қиындыларын, суреттер, мәліметтер жина.
- Сыныптастарыңмен бірге плакаттың композициялық шешімін ойластыр.
- Туған өлке жануарларының суреттері мен оған қоса берілген мәтіндерді плакатқа жабыстыр.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптасыңыңың жұмысын бағала. Ол үшін бағаңа сәйкес әріпті таңда.



Ұқыпты орындалған



Қызықты жұмыс



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Туған өлкеңің жануарлары туралы жаңадан не білдің?
- Графикалық кескіндеме өнерінен плакаттар несімен ерекшеленеді?



4.3. Тұған өлкенің құстары

БҰЛ САБАҚТА:

- тәжірибе жүргізесін;
- құстардың суретін саласын.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- орнитолог
- толтыру



ОЙЛАҢ Да, ЖАСА

Балапан көбелек ұша алатын болғандықтан, оны құстарға жатады деп ойлайды (1-сурет). Солай ма, түсіндір. Құстарды қандай белгілеріне қарап ажыратамыз? Неліктен құстар қанаттылар деп аталады (2-сурет)?



1-сурет. Көбелек



2-сурет. Бұлбұл



Орнитолог – құстардың тіршілігін зерттейтін ғалым.



ҮЙРЕН

Табиғатта құстардың алуан түрін кездестіруге болады. Олар үй, жабайы, орман, сайрағыш, суда жүзетін, экзотикалық құстар болып бөлінеді. Үй

құстарын (үйрек, қаз, тауық) үй ауласында, құс фермасында ұстайды (3-сурет).



3-сүрөт. Құстар

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Сенің туған өлкенде қандай құстар мекендейді?
 - Олар туралы сен не білесін?




УЙРЕН

Суретші құстың суретін салу үшін, ең алдымен, оны бақылайды. Дене пішімінің ерекшеліктеріне, қимыл-қозғалысына мән береді. Құсты бейнесіне қарап немесе жадында сақтау арқылы салуға да болады.



Бұрын көргендегі бойынша нысанның суретін салу **жады бойынша салынған сурет** деп аталады.

Сыныптастарыңмен бірге қарлығаштың суретін қалай салуға болатынын қарастыр (4-сурет).



4-сурет. Қарлығаштың суретін салу




БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

- Альбомға құстың эскизін сал (5, а-сурет).
- Қүйрығы мен қанаттарындағы қауырсындарды жіңішке сзықтармен сыз (5, ә-сурет). Сзықтардың үстінен қылқаламның ұшын баса отырып боя.
- Палитрада құс қауырсынын салуға сәйкес келетін реңкті дайында.
- Сұйылтылған акварель бояуларымен құйып боя, сонда бояу толтырылған сурет шыға келеді (5, б, в, г, ғ-суреттер).



5-сурет. Құсты салу кезеңдері

Акварель бояуларымен **құйып бояу** – құрғақ бетке үлкен қылқаламмен су мен бояудың көп мөлшерін қолдана отырып орындалады.



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Құстарды бейнелеудің бір нұсқасын таңда. Жұмыс дәптерінің 51, 52-беттеріндегі тапсырмаларды орында. Суретте құс қауырсынының ерекшелігін әртүрлі әдістерді қолданып көрсет.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Жұмысынды партаға сыныптастарың көре алатындей етіп орналастыр. Сыныптастарыңың жұмысын бағала.



Ұқыпты салынған



Қызықты жұмыс



Жақсарту қажет



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Жануарлар мен құстардың суретін жады бойынша салу дегенді қалай түсінесің?
- Сенің өлкенде қандай құстар мекендейді?



4.4. Жануарлардың суретін саламыз

БҰЛ САБАҚТА:

- графика техникасымен танысасың;
- жануарлардың суретін саласың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- штрих
- сызық
- петроглифтер
- штрихтау

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Қандай жануарларды білесің?
- Жануарлар мен құстарды салатын суретшіні қалай атайды?



ҮЙРЕН

Ең алғашқы тасқа салынған суреттер **петроглифтер** деп аталады (1-сурет).


Сен жануарлар, құстар, балықтар және жәндіктердің суреттері **анималистік жанрға** жататынын білесің.

Суретшілер өз туындыларын графика арқылы жасай алады. Графиканың бейнелеу құралдары: нүкте, сызық, штрих, дақ. Оларды қарындаш, бор, фломастер және т.б. графикалық көркем материалдармен бейнелеуге болады.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР





a)



ә)

1-сурет. Петроглифтер: а) графикалық кескінде; ә) жартастағы кескінде

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Петроглифтерде қандай жануарлар бейнеленген (1-сурет)?
- Суретшілер жануарларды салу үшін қандай бейнелеу құрал-жабдықтарын қолданған?



ҮЙРЕҢ

Штрих – қолдың жылдам қимылымен орындалатын қысқа сызық. **Сызықтар** жінішке және қалың, ұзын және қысқа, түзу және көлбеу болады. Штрихтардың да алуан түрі бар.




Штрихпен жұмыс тәсілі **штрихтау** деп аталады.


Жұмыс дәптерінің 53-бетіндегі тапсырманы орында.




Көлденең



Тік




Көлбеу



Айқасқан



Қысқа





Нұктелі

2-сурет. Штрих түрлері

Жұмыс дәптерінің 54, 55-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



Қараши, мен штрихтау арқылы сурет салдым (3-сурет). Сурет салу үшін тік штрихтарды қолдандым.



3-сурет. Штрихтап салынған сурет




ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Алан түрлі түсті қарындаштармен штрихтап жаңа түстер алуға болады деп ойлады. Расымен солай ма? Тәжірибе жасап анықта.



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА


Суретте қандай жануарлар берілген? Оларды бейнелеу үшін қандай штрих түрлері қолданылған (4-сурет)? Жануарлардың мекендейтін ортасын штрихтардың және сызықтардың көмегімен қалай көрсетуге болатынын түсіндір.



4-сурет. Штрихтау арқылы жануарларды салу:
а) тұлқи; ә) түйе



Менің қандай жануарлардың суретін салғанымды қараши (5-сурет). Қандай штрих түрін қолданғанымды анықта.



5-сурет. Штрихтау арқылы жануарларды салу:
а) мысық; ә) кірпі



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Алан мен Балапан саған жануарлардың суретін графика техникасымен салуды ұсынады:



- Суреттің орнын анықтап ал.
- Алдымен қарындашпен суреттің нобайын жаса.
- Штрих түрлерін таңдап, суретті аяқта.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қарындаштармен жұмыс жасау кезінде сақ бол.
- Жұмыс кезінде оқыс қимыл жасама.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Жұмысынды партаға сыныптастарың көре алатындей етіп орналастыр. Жұмысынды таныстыр. Қандай жануардың суретін салғанынды түсіндір. Сыныптастарыңнан жұмысынды бағалауын сұра. Неліктен бұл жануарды таңдадың? Оның суретін салу үшін қандай бейнелеу құралдары мен материалдарды пайдаландың?



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Графика туралы жаңадан не білдің?
- Жануарлар суретін салу бейнелеу өнерінің қай жанрына жатады?

ҚОРЫТЫНДЫ



«Менің туған өлкем» бөлімінде:


- суретші құстың суретін бейнесіне қарап немесе жадында сақтау арқылы сала алатынын білдің;
- ашық және қою түсті реңктер несімен ерек-шеленетінін түсіндің;
- құстардың суретін әртүрлі әдіс-тәсілдермен бейнелеуді үйренедің.



Карлығаш



Ақтүмсық
қарға



Барылдауық
үйрек



Бұлбұл




Бозторғай

Сен:

- анималистік жанр дегеніміз не екенін;
- неліктен кейбір суретшілерді «анималистер» деп атайдынын **түсіндіре аласың, ба?**


Сен:

- қарлығаштың суретін салудың дұрыс реттілігін;




- штрих түрлерінің атауын олардың суреттерімен сәйкестендіріп **көрсете аласың ба?**

А. Нұктелі.



1



2



3

Ә. Қысқа.



4



5



6

Б. Айқасқан.


В. Көлденең.

Г. Тік.

Ғ. Көлбеу.

Сен:

- жойылып бара жатқан жануарларды сақтап қалу жолдарын;
- осы бөлімде жасалған шығармашылық жұмыстар көрмесіне тақырып **ұсына аласың ба?**



5

ДЕҢІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

5.1. Біз де спортшылармыз!

БҰЛ САБАҚТА:

- спортшылардың
фигураларын жасап
үйренесін;
- апликация жасайсын.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- пропорция
- апликация



ҮЙРЕН

Спорт әрқашан салауатты өмір салтын насихаттайды. Физикалық күш пен ептілік адам өмірінде өте маңызды рөл атқарады.



Олимпиада ойындары – төрт жылда бір рет өткізілетін халықаралық спорттық жарыстар.

СұРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- 1-суретте қандай спорт түрлері бейнеленген?
- Оларды қалай анықтағаныңды түсіндір.
- Қазақстанның қандай белгілі спортшыларын білесін?



1-сурет. Спорт түрлері


Жұмыс дәптерінің 56-бетіндегі тапсырманы орында.



ҮЙРЕҢ

Адамды бейнелеу көзінде қол, аяқ, бас пен дененің арақатынасына, яғни пропорциясына, назар аудару керек (2-сурет). **Пропорция** – шамасы бойынша нысан бөліктерінің өзара арақатынасы.

Қозғалыстағы адамды салу қыын, себебі адамның денебітімі бірнеше бөліктен құралған. Оны женілдету үшін түрлі фигуralарды қыып алып, аппликация жасаған дұрыс.




2-сурет. Пропорция

Аппликация – қыып алынған материал бөлшектерін фонға желімдеу техникасы.



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Сызғыш пен қарындаш арқылы бөлшектерді қалай өлшеп белгілеу керектігін айт (3-сурет).
- Аппликация жасау үшін 4, 6, 8 дана бірдей кесінділерді қалай жасау керектігін түсіндір.




3-сурет.
Тіктөртбұрышты
өлшеу

Өлшеуді
сызғыштағы
нөл белгісі-
нен бастайды.



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Балапан саған «Біз де спортшылармыз» тақырыбында аппликация жасауды ұсынады (4-сурет).



4-сурет. Спортшылар




БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР




1-қадам. Түрлі түсті қағазға ұзындығы 6 см, ені 3 см болатын төрт тіктөртбұрышты белгілеп, оны қып ал.

2-қадам. Үш тіктөртбұрышты көлденеңінен қып, шаршылар шығар. Бір шаршыны ромб түрінде қой. Ол спортши бейнесінің басы болады.





3-қадам. Төрт шаршыны екі бөліп қи. Олардан спортшының аяғы мен қолын жаса.



4-қадам. Жұмыс дәптерінің 57-бетіне соңғы тіктөрбұрышты орналастыр. Бұл спортшының денесі болады. Оның айналасына қызып алынған дененің барлық бөліктерін (бас, қол, аяқ) қозғалыста түрғандай етіп желімде. Ал спорт жабдықтарын өз қалауын бойынша салып, жұмысты аяқта.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс істегендеге ұқыпты бол.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.



ЖҰМЫСТАРДА

Жұмыс саған ұнаса, оған кубокты бекіт немесе суретін сал.

Жұмыс барысында саған не ұнады?

Нені жақсартқың келеді?



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Неліктен спортпен шұғылдану керек?
- Сыныптастарың жасаған жұмыстарға қара. Қолда бар материалдардан спортшының бейнесін жасауға бола ма? Ойлан.
- Спорттың қай түрі саған ұнайды?

5.2. Өнер және қозғалыс

БҰЛ САБАҚТА:

- би қымылдарын бейнелеп үйренесің.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- өнер
- өнердің динамикалық түрі

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Суреттерге қара (1-сурет).

- Суреттерде қандай әрекет бейнеленген?
- Суретшілер кейіпкерлердің қымылдарын қалай көрсеткен? Өз жауабынды түсіндір.



Г. Ысмайловая.
Қазақ вальсі



И. Репин. Пианист
М.К. Бенуаның
портреті



Э. Дега. Жүлдыш

1-сурет. Атақты суретшілердің туындылары




ҮЙРЕН

Өнер – көркем бейне жасау бойынша шығарма-шылық процесс. Кескіндеме, графика, мүсін, музыка,



театр, хореография және т.б. өнер түрлери бар. Соның ішінде би өнердің **динамикалық түріне** жатады. Суретшілер адамдарды сан түрлі қозғалыста бейнелейді. Оның ішінде бишілерге тән дene қимылдары мен қозғалыстары да бар. Әр ел өз ұлттық биін мақтан тұтады (2-сурет).




2-сурет. Би түрлері

Жұмыс дәптерінің 59–61-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

Билеп түрған адамның би қимылдарын салмас бұрын, оның сұлбасын жасау керек. Ол үшін қолдары мен аяқтарының орналасуын, дененің бағыты мен бұралуына мұқият қарау қажет.

Менде қандай сурет шыққанын қараши (3-сурет).




3-сурет. Би қимылдары



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Бишілер бейнесінің пропорциясына назар аудар:

- Суретші би қимылдарын қалай жеткізген?
- Қол мен аяғының, бас пен денебітімінің жалпы пішінін сзызып, би қимылдарының нобайын жаса (4-сурет).
- Би қимылдары нобайын қажетті бөлшектермен толықтыр. Костюм, баскиім, фон салып суретті аяқта.



4-сурет. Би қимылдарының нобайы



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА



Саған жұмыс ұнаса, көңілді бетпердені, ал ұнамаса, көңілсіз бетпердені таңда. Неліктен оны таңдағаныңды түсіндір.



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Нені жасау оқай, ал нені жасау қыын болды?



5.3. Қозғалыс – денсаулық кепілі!

БҰЛ САБАҚТА:

- спортшылардың көлемді мүсінін жасап үйренесін;
- шығармашылық жұмыс орындаісын.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- мүсін
- мүсіндік композиция



ҮЙРЕН

1-сыныптан бастап сен иілімді материалдар – ермексаз және сазбалшықпен таныссың. Олардан мүсіндік композициялар жасауға болады. **Мүсіндік композиция** бір, екі немесе одан да көп фигуralардан тұруы мүмкін (1-сурет).



1-сурет. А. Дейнека. Эстафета

Иілімді материалдардан жасалған мүсіндерде әртүрлі қимыл-қозғалыстарды көрсетуге болады.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Суреттерге қара (1-сурет).
- Мүсінші қозғалыстағы спортшылардың бейнесін қалай көрсеткен?
- 1-суреттегі мүсіндік композиция неге екі фигурадан тұрады?



ОЙЛАН Да, ЖАСА

- 2-суретте қандай бөлшектер көрсетілгенін айтып бер.
- Спортшы мүсінін жасау үшін қандай қосымша бөлшектер қолданылған? Өз ойынды түсіндір (3-сурет).



2-сурет. Спортшы мүсінін жасау кезеңдері



3-сурет. Спортшы мүсіні

СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Самокат қандай бөліктерден тұрады (4-сурет)?
- Қызыл бөлшектің пішіні қандай?
- Дөңгелегінің түсі қандай?
- Ұстағышының жасау үшін қандай материал қолданған?



4-сурет. Ермексаздан жасалған спортшы мүсіні және самокат

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды дайында.
- Әртүрлі пішіндегі бөлшектерді мүсінде.
- Спортшы мүсінін жаса.
- Өз жұмысынды спорттық жабдықтармен толықтыр.

Жұмыс дәптерінің 62, 63-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Өз жұмысынды сыныптастарыңа және мұғалімге көрсет. Олардан жұмысынды бағалауды сұра.

Қ

Қызықты идея

Т

Толықтыру қажет

К

Көрмеге ұсынуға болады

Ж

Жақсарту керек



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Адамдардың әртүрлі мүсінін жасауда ермек-саздың қандай қасиеті көмектеседі?
- Жұмыс барысында қандай қындықтар туындаады?



5.4. Адам денсаулығы

БҰЛ САБАҚТА:

- плакат дегеніміз не екенін есіңе түсіресің;
- салауатты өмір салты туралы плакат жасайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- плакат
- ватман



ҮЙРЕН

Салауатты өмір салты – денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған белсенді іс-әрекет. Оған мыналар кіреді:

- денешынықтырумен айналысу және шынығу;
- белсенді өмір салтын ұстану;
- дұрыс тамақтану;
- жаман әдеттерден аулақ болу;
- таза ауада серуендеу.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

Суреттерге қара (1-сурет):

- Белсенді демалыс несімен пайдалы?
- Неге табиғатта серуендеу маңызды?
- Жаттығу бізге не үшін керек?



1-сурет. Белсенді демалыс

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Алан «Салауатты өмір салты» тақырыбында плакаттар байқауын өткізуді ұсынады.
- Жас суретшілердің жұмыстарына қара және «Салауатты өмір салты» тақырыбында плакат жаса (2-сурет).



Плакат – үгіт-насихат, жарнама немесе оқу мақсаттарында жасалған қысқа мәтінді сурет.



2-сурет. Жас суретшілердің жұмыстары

Ол үшін саған **ватман** қажет. Ватман – тығыз, ақ, көлемді қағаз (3-сурет). Оны сурет салу, коллаж жасау үшін қолданады. Жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды дайында.



3-сурет. Ватман



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



Жұмыс дәптерінің 64, 65-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Әріптің көмегімен сыныптастарыңың жұмысын бағала. Өз таңдауынды түсіндір.

**E
T**

Ерекше жұмыс

Толықтыру қажет



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Топта шығармашылық жетістіктерің туралы қалай айтуға болатынын талқыла.
- Шығармашылық жұмыс жасау барысында қындықтар туды ма?

5.5. Идея бар!

БҮЛ САБАҚТА:

- бүктеме жасауды үйренесін;
- өз жұмыстарыңдан көрме үйымдастырасын.

ТИРЕК СӨЗ

- бүктеме



ҮЙРЕН

Бүктеме – әртүрлі тәсілдермен бүктелген «кітапша». Бүктемелер А4 немесе одан кіші форматтағы параграфтан жасалады.

The image consists of three panels arranged horizontally, each featuring a different scene and text related to responsibility.

- Left Panel:** A boy with a backpack walking. Text: "Денсаулық – зор байлық!" (Responsibility is a great treasure!).
- Middle Panel:** Children playing together. Text: "Денсаулығы зор ұрпақ!" (Responsibility is a precious inheritance!). It also features the logo of the National Center for Childcare.
- Right Panel:** A woman and a child jogging in a park. Text: "Салауатты отбасында дені сау бала!" (A child with a happy family grows up happy!).

1-сурет. «Денсаулық – зор байлық» бүктемесі



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Балапан саған бүктеме жасауды ұсынады (2-сурет).



Жұмыс дәптерінің 66, 67-беттеріндегі тапсырмаларды орында.






--	--	--	--

2-сурет. Бүктемеге арналған негіз

1-қадам. Бір парақ қағаз алып, сыйзыштың және қарындаштың көмегімен, 3, а, ә-суретте көрсетілгендей бүктеу сыйзықтарын белгіле.

2-қадам. 3, б, в-суретте көрсетілгендей қағаз паралын бүкте.

3-қадам. Сен бүктеме жасай алдың ба? Оны өз қалауың бойынша безендір. Безендіру кезінде өз фотосуреттерінді және газет, журнал қыындыларын пайдалан (4-сурет).



b)

3-сурет. Бұктеме жасау



4-сурет. Бұктеме



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Әріптің көмегімен сыныптастарыңың жұмысын бағала. Өз бағалауыңды түсіндір.

E
T

Ерекше жұмыс

Толықтыру қажет



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Сыныптасыңа жасаған бұктемен туралы айтып бер.

- Оны жасау үшін қандай материалдарды пайдаландың?
- Топта шығармашылық жетістіктерің туралы қалай айтып беруге болатының талқыла.



ҚОРЫТЫНДЫ

«Дені саудың – жаны сау» бөлімінде:

- спортшылардың қимыл-әрекетін аппликация техникасымен қалай көрсетуге болатынын білдің;
- **олимпиада** ұғымымен таныстың;
- қозғалыстағы адамдардың қимыл-әрекетін бейнелеген суретшілердің жұмыстарын көрдің.

Сен:

- салауатты өмір салтын насиҳаттау үшін плакаттар мен бүктемелерді қалай жасауға болатынын;
- жасалған плакаттар мен бүктемелерді қайда қолдануға болатынын **түсіндіре аласың ба?**

Сен:

- суреттерді сипаттамасымен сәйкестендіріп;



сүлбалық сурет



мұсіндік композиция

- спорт түрлері атауларын олардың суреттерімен сәйкестендіріп **көрсете аласың ба?**



велоспорт



жүзу



таушаңғысы

Сен:

- түрлі геометриялық фигуналардан спортшылардың әртүрлі апликациясын құрастырып;
- мұсіндік жұмыстардан сыныпта немесе мектепте көрме жасап **бере аласың ба?**



6

САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

6.1. Салт-дәстүрді зерделеу

БҮЛ САБАҚТА:

- Қазақ халқының қонақ-жайлыштымен танысасын;
- шақыру ашықхатын жасайсын.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- қонақасы
- басқұр



ҮЙРЕН

Ата-баба дәстүрі үрпақтан-үрпаққа беріліп, жалғасын тауып келеді. Қазақ халқы қонақтарды дәстүрге сай, әрдайым дастарқан жайып, **қонақасын** беріп қарсы алады (1-сурет).



Қонақасы – қонаққа арналған дәм мәзірі.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ҰСРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Сенің отбасында қандай отбасылық дәстүрлер сақталған?
- Бұл жөнінде не айта аласың?

Жұмыс дәптерінің 68–70-беттерінде гітапсырмаларды орында.



1-сурет. Мерекелік дастарқан



Әр отбасы өзіндік **отбасылық дәстүрлерімен** ерекшеленеді.



ҮЙРЕН

Қазақстанда көптеген дәстүрлі ұлттық мерекелер бар. Солардың бірі – көктем мерекесі және жаңа жылдың бастауы **Наурыз мейрамы**.

Мереке кезінде ұлттық ою-өрнекпен, **басқұрмен** безендірілген киіз үйлер тігіледі (2-сурет).



2-сурет. Ұлттық ою-өрнектермен безендірілген киіз үй


СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Басқа елде тұратын достарыңа шақыру ашықхатының көмегімен Наурыз мейрамы туралы мағлұматты қалай беруге болады? Ойлан.
- Ашықхатқа ненің суретін салар едің?



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Алан киіз үй түріндегі ашықхатты бір бет қағаз парағынан жасауға болады деп есептейді (3-сурет). Солай ма? Кәне, көрейік.



3-сурет. Киіз үй түрінде ашықхат дайындау




ОЙЛАН ДА, ЖАСА

Топта сыныптастарыңмен ою-өрнек жасау кезеңдерін талқыла. Ол үшін:


1-қадам. Эскиз жаса. Қандай өрнектерді таңдар едің? Ойлан.

2-қадам. Түрлі түсті қағаз парағын екіге бүкте. Симметриялы ою-өрнек элементін сал. Оны жиегімен бойлай отырып, қайшымен қыып ал (4-сурет).



4-сурет. Әртүрлі ою-өрнек элементін жасау сұлбасы

3-қадам. Кесіндіде ұзын өрнек алу үшін сыртқы сәйкес түрлі түсті қағаз парағын бүкте (5-сурет). Ою-өрнектің кез келген элементінің суретін салып, қайшымен қи.



5-сурет. Қағазды бүктеу сыйбасы

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс істегендеге ұқыпты бол.
- Қайшыны ашық күйінде қалдыруға болмайды.

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Жасаған ою-өрнектерінді пайдаланып ашықхатты безендір.
- Ашықхатыңды қарап шық, ол кімге арналған болса, соның есімін жаз.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарың жасаған жұмыс нәтижелеріне түсініктеме бер. Өз жұмысыңды және сыныптастарыңың жұмысын әріптермен белгіле.



Ұқыпты орындалған



Қызықты жұмыс



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Жасалған жұмыстарды қарастырып, ұсыныс жаса:

- Оларды немен толықтыруға болады?
- Ашықхатқа қандай сөздерді қосу керек?

6.2. Сиқырлы киіз

БҰЛ САБАҚТА:

- киіз басу техникасымен танысасың;
- киізден әртүрлі бұйымдар жасап үйренесің.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- киіз басу
- төзімділік
- сабау
- тулақ



ҮЙРЕН

Адамзат баласы мындаған жылдар бойы киізден алуан түрлі бұйымдар жасап келеді. **Киіз басу** дегеніміз – жүннен киіз жасау техникасы. Киіз басу сәндік-қолданбалы өнерге жатады. Киізден жасалған бұйымдар жылы, төзімді келеді. Оларды ою-өрнектермен безендіруге болады (1-сурет).



a)



ә)



б)

1-сурет. Киізден жасалған бұйымдар

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- 1-суреттегі бұйымдар қалай аталады?
- Киізден жасалған ұлттық бұйымдарды қалай безендіреді? Айтып бер.



Жұмыс дәптерінің 71-бетіндегі тапсырманы орында.



ҮЙРЕН

Киіз басу үшін, жұнді тікенектер мен шөптерден тазарту қажет.

Жұнді жұмсақту үшін оны **тулаққа** салып, арнайы **сабаумен** сабайды (2-сурет).



Сабау


Тулак

2-сурет. Жұн сабау



ТӘЖІРИБЕ ЖҰРГІЗ

Балапанның айтуынша, мақта да, жұн де бірдей **төзімділікке** ие. Солай ма? Тәжірибе жасап көр. Мақта мен жұннен ширатып шүйкелер жаса (3-сурет). Оларды әртүрлі бағытта тартып, төзімділігін анықта.



3-сурет. Жұн мен мақтаны ширату



Төзімділік – сыртқы орта әсеріне материалдың қарсы тұру қасиеті.



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

- Таңдаған түсінде сәйкес жұн шүйкелері мен фольғаны дайында (4, а, ә-сурет);
- Фольгадан шар жаса (4, б, в-сурет);
- Фольгадан жасалған шарды ұзындығы бірдей жұн шүйкелерімен ора (4, г-сурет);
- Шарды жылы сабынды суға батырып, жұн тығыз киізге айналғанша алақанда домалат (4, ғ-сурет).



а)



ә)



б)



в)



г)



ғ)

4-сурет. Жұннен киіз шар жасау кезеңдері

Менің киіз шарлардан жасаған ойыншықтарымды қарашы (5-сурет).





5-сурет. Киізден жасалған ойыншықтар

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Өздерің жасаған түсі, пішіні әртүрлі киіз шарларды қара. Мұндай киіз шарлардан не жасауға болатынын анықта. Сыныптастыңмен бірге киізден ойыншықтар жаса.

Жұмыс дәптерінің 72-бетіндегі тапсырманы орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Жасалған жұмыстардың нәтижесіне түсініктеме бер. Өз жұмысында және сыныптастарыңың жұмысын сәйкес келетін әріптермен бағала:

E Ерекше жұмыс

T Толықтыру қажет



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Киіз шар жасағанда қандай тәсілдерді қолдандың? Дұрыс емес жауапты танда:

Жұнді шүйкелеу

Кескішпен кесу

Киізден шар жасау

6.3. Костюмді безендіреміз

БҰЛ САБАҚТА:

- Қазақтың ұлттық киімдерін безендіріп үйренесін;
- Ұлттық киімдегі кәдесый қырыршақтарын жасайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- дизайнер
- безендіру



ҮЙРЕН

Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Әр ұлттың өз мәдениеті мен дәстүрі, жарасымды ұлттық киімдері бар. Әдемі, ыңғайлы киімдерді ойладап тапқан суретшіні **дизайнер** деп атайды. Суретшінің әртүрлі киімдер мен заттарды сәндеу барысы **безендіру** деп аталады.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- 1-суретте көрсетілген ұлттық киімдердің ерекшеліктерін айтып бер.
- Қазақ пен қырғыз халықтарының ұлттық киімдерінде ұқсастық бар ма?
 - Қазақтың ұлттық киімі қалай безендірілген?

Жұмыс дәптерінің 73-бетіндегі тапсырманы орында.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР





1-сурет. Ұлттық киімдер:

а) қазақ; ә) орыс; б) қырғыз; в) жапон халықтарының ұлттық киімдері



ҮЙРЕН

Алан саған қуыршақ түріндегі кәдесый жасауды және оның киімін ұлттық сәнде безендіруді ұсынады.



Кәдесый – кәде ретінде сыйға тартылатын бұйым.

Қуыршақтарды жасау үшін әртүрлі конструкция түрлері қолданылады.

Қуыршақтың конструкциясы конустан – **көлемді конструкциялы** немесе жалпақ фигуralардан – **жазық конструкциялы** болуы мүмкін.




ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

1. Балапан түрлі түсті қағаздан бір үлкен және екі кішірек тіктөртбұрышты қиып алды. Олардың бұрыштарын қиып тастағанда,




шапан шықты (2-сурет). Солай бола ма, тәжірибе жасап анықта.

Түрлі түсті қағазға апликацияның барлық бөліктерін желімде. Қырышақтың киімін қазақтың ұлттық ою-өрнегімен безендір.



2-сурет. Қырышаққа арналған шапан

2. Көлемді кәдесый қырышағын әртүрлі көлемді фигуralардан жасауға болады (3-сурет).



3-сурет. Қырышаққа арналған көлемді фигуralар Жұмыс дәптерінің 74-бетіндегі тапсырманы орында.



ҮЙРЕН

Безендірудің маңызды элементтері – **ою-өрнек**.
Бұл – бір элемент қайталанып отыратын өрнек.



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Қуыршақты жасау үшін қажетті материалдар мен қимаұлгілерді дайында.
- Қимаұлгіні пайдаланып көлемді конустар жаса, оларды біріктір.
- Қуыршақ басының нобайын сзып, қып ал. Конусқа бекіт.
- Негізі жасалғаннан кейін, кәдесый қуыршағы киімінің дизайнны туралы ойлан.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қарындаштармен және қайшымен жұмыс істегендегі абай бол.
- Жұмыс барысында оқыс қимыл жасама.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Жұмысынды сыныптастарың көре алатындей етіп партада орналастыр. Қалай жасағанынды баянда және жұмысынды бағала. Ол үшін әріптердің бірін таңда.



Ұқыпты орындалған



Жақсартуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Ұлттық киім туралы жаңадан не білдің?
- Кәдесый қуыршағын жасағанда қандай қындықтар туындауды?

6.4. Аксессуарлар жасаймыз

БҮЛ САБАҚТА:

- Қоржын жасап үйренесін;
- Қоржынды конструкциялайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- аксессуар
- қоржын

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- 1-суретте қандай бұйымдар көрсетілген?
- Бұл бұйымдар неге арналған?



1-сурет. Сәндік – қолданбалы өнер бұйымдары



Аксессуарларға мыналар жатады: сөмкелер, әмияндар, телефон қаптары және т.б.



ҮЙРЕН

Аксессуарлардың пішіні, түсі, өлшемі әртүрлі болады. **Қоржын** – жүннен ірілген жіптен тоқылған бұйым. Оны әртүрлі заттар салып алып жүруге пайдаланады. Қоржынның көптеген түрлері бар (2-сурет).



2-сурет. Қоржын түрлері

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР


- 2-суреттегі қоржындар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
- Олар қалай безендірілген?




ОЙЛАН ДА, ЖАСА

• Материалға қимаұлгінің көмегімен қоржын өлшемдерін белгіле. Контурын айналдырып сзызып шығып, қайшымен қиып ал (3-сурет).

• Балапан қоржын пішінін қалай өзгерткенін сыныптастыңмен жұптасып талқыла. Өзің қандай қоржын жасар едің? Ойлан (4-сурет).



3-сурет. Қоржын бөлшектерін белгілеу



4-сурет. Қоржынның пішінін өзгерту



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ



5-сурет.

Тескіш

Алан бұйым бөлшектерін біріктіру үшін **тескішті** қолдануға болады деп санайды. Шынымен солай ма? Анықта. Әртүрлі материалдарды: киіз, тоқыма мата, қалың, қатырмақағаз, пластик, фольганы дайында. Тескіштің көмегімен тесіктер жаса. Сыныптастарыңмен бірге қандай материалда тесіктер жасау қыын, ал қайсысында оңай екенін анықта (5-сурет).



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Суреттегі бөлшектерді біріктіру жолын қарастыр, сұрақтарға жауап бер (6-сурет):

- Қоржын дайындау үшін қанша бөлшек жасау қажет? Себебін түсіндір.
- Бөлшектерді біріктіру үшін қандай материалдарды қолдануға болады?




6-сурет. Қоржын бөлшектерін біріктіру тәсілдері



ҮЙРЕҢ

Сен қоржынды моншақтармен, түрлі түсті түймелермен және ою-өрнек апликацияларымен безендіре аласың.

Ою-өрнекті бөлек қыып алып, қоржынға желімдеуге де болады (7-сурет).



7-сурет. Қоржынға арнап ою-өрнек жасау

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Қоржын жаса (жұмыс дәптерінің 75-бетіндегі тапсырманы орында).
- Қоржын бөлшектерін ою-өрнекпен bezendір (8-сурет).
- Жіптен, таспадан ұстағыш бау дайында.



8-сурет. Ою-өрнекпен bezendірлген қоржындар



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңың жұмысын бағала. Ол үшін өз бағаңа сәйкес келетін әріптердің бірін таңда.



Ұқыпты орындалған



Жақсартуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Саған қоржынның қайсысы көбірек ұнады?
- Саған нені жасау қыын, ал нені жасау оңай болды?

6.5. Өз қолымызбен жасаймыз

БҮЛ САБАҚТА:

- қыш бүйымдардың қандай материалдан жасалатынын білесің;
- көлемді пішіндегі шығармашылық жұмыс жасайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- керамика
- керамика өнері
- қыш шебері
- диаметр



ҮЙРЕҢ

Алан саған **керамикадан** жасалған бүйымдар мұражайына баруды ұсынады (1-сурет). **Керамика өнері** – ыдыстарды, мүсіндерді қыштан жасайтын қолөнер түрі. Мұндай бүйымдар қолдануға өте қолайлы. Олардың түбінің тегіс болуы бүйымдардың нық тұруына мүмкіндік береді, ал тар мойны сұйықтың ағып кетуіне және оның булануына жол бермейді.



1-сурет. Керамика мұражайы




ОЙЛАН ДА, ЖАСА




Құмыраларды қара.

1. Қай суретте құмыраның көлемді пішіні көрсетілген?

2. Құмыраның бедерлі бейнесі көлемді бейнесінен қалай ерекшелептінін түсіндір (2-сурет).



а)



ә)

2-сурет. Құмыралар



ҮЙРЕН

Кептіргеннен кейін саз қатаяды, ал ермексаз жұмсақ қалпында қалады. Саздан жасалған бұйымдар төзімді болу үшін арнайы пештерде күйдіріледі.

Саздан әсем ыдыс-аяқ жасайтын шеберді **қыш шебері** деп атайды. Саздан жасалған бұйымдар әртүрлі тәсілмен безендіріледі.



ТӘЖІРИБЕ ЖҰРГІЗ

Балапан бұйымды ермексаздан немесе саздан жасаса, оны бояумен безендіруге болады деп санайды. Қалай ойлайсың, ермексаздан жасалған бұйымдарға бояу (акварель, акрил немесе гуашь) жақсы жағыла ма? Саздан жасалған бұйымдарды қандай бояумен бояған дұрыс? Өз ойынды айт.



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Ермексаздан кесе жасау.

1-қадам. Алдымен жұмыс орныңды, бұйымды жасауға қажет құрал-жабдықтарды дайында. Содан соң ермексазды алып, қолыңмен жұмарла, сосын шиrat (3-сурет).



3-сурет. Негізін жасау

2-қадам. Ширатылған ермексазды негізге қойып, суреттегідей айналдыра ора. Бұйымның диаметріне қарай жылжыта отырып, қажетті пішінге келтір (4-сурет).



4-сурет. Қажетті пішінге келтіру



Диаметр – шеңбердің центрінен өтетін және екі нүктесін біріктіретін кесінді.

3-қадам. Ермексаздан ою-өрнек жасап, кесенің сыртын ұлттық нақышта безендір (5-сурет).



1



2

5-сурет. Кесені безендіру

Жұмыс дәптерінің 76, 77-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды ұқыпты қолдан.
2. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолынды құрғақ және жұмсақ шүберекпен мұқият сұрт.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Шығармашылық жұмысынды мектептегі көрмеге дайында. Жұмыстарды барлық жағынан көруге болатындей етіп орналастыр. Қалай жасағанынды айтып бер. Сыныптастарыңнан жұмысынды бағалауын сұра.



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Жұмыс барысында қандай қындықтармен кездестің?
- Бояулармен тәжірибе жасау бүйымдарды безендіруде қалай көмектесті?



ҚОРЫТЫНДЫ

«Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімінде:

- ұлттық киімдердің ерекшеліктерін қарастырдың;
- жазық және көлемді конструкциялы пішіндерді жасадың;
- аксессуарлар жасауды және ыдыс жасауды үйрендің;
- иілімді материалдардан шығармашылық жұмыстар жасадың.



Сен:




- жазық және көлемді конструкциялы қуыршақтардың айырмашылығын;
- қоржынның суретін;



- Қазақтың ұлттық киімін;



- Қоржынға жабыстырылатын өрнектің жасалу реттілігін **көрсете аласың, ба?**



- суреттерді жасалатын материал атауымен сәйкестендіре аласың, ба?



киіз

саз

қағаз

Сен:

- киізден қандай көлемді бүйімдар жасауға;
- сыныпта немесе мектепте көрмені қалай үйімдастыруға **болатынын білесің, бе?**



7

ҚОРШАҒАН ОРТА

7.1. Гүлдердің оянуы

БҮЛ САБАҚТА:

- шығармашылық жұмыс жасайсын;
- шығармашылық жұмысты көрмеде таныстырырасын.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- апликация
- бәйшешек



ҮЙРЕН

Көктем – табиғаттың жаңаратын, тіршіліктің жанданатын уақыты.

Табиғат көктемде оянады. Жыл құстары үшүп келіп, ағаштар мен бұталар бүршік жара бастайды. Қар еріген жерлерге қылтиып шөптер өсіп шығады.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР:

Суреттерге қара (1-сурет).

- Бұл гүлдерді неге көктемгі гүлдер деп атайды?
- «Ерте гүлдейтін өсімдіктер» деген сөзді қалай түсінесін?
- Өзің тұратын жерде олар қай айда гүлдейді?



a)



ә)



б)



в)

1-сурет. Көктемгі гүлдер: а) бәйшешек; ә) қызғалдақ;
б) құртқашаш; в) інжугүл



ҮЙРЕН

Бәйшешек қар ери бастаған кезде, көктемгі күннің алғашқы шуағынан нәр алып гүлдейді. Латын тілінде бәйшешек «сүт гүлі» деп аталады. Бұл атау сүт секілді ақ түсіне байланысты берілген.




Көктемнің басында, қыстың қары толығымен ерімей тұрып гүл жаратын, бәйшешектің көптеген түрі жойылу алдында тұр (2-сурет). Сондықтан бұл гүлдер Қызыл кітапқа енгізілген.

Жыл сайын 19 сәуірде әлемнің көптеген елдерінде көктем мерекесі – *Бәйшешек* күні атап өтіледі.



2-сурет. Бәйшешектер

Бәйшешектерді әртүрлі техниканың көмегімен немесе аппликация арқылы бейнелеуге болады. Жұмысты бастамас бұрын альбом парағында гүлдің эскизін жасаған дұрыс (3-сурет).



3-сурет. Бәйшешек гүлін салу кезеңдері
Жұмыс дәптерінің 78-бетіндегі тапсырманы орында.




БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Сыныптастыңмен бірге аппликация әдісімен бәйшешек жасау кезеңдерін қарастыр (4-сурет). Қимаұлгілердің көмегімен аппликация бөліктерін қалай дайындауға болатынын түсіндір.



4-сурет. «Бәйшешек» аппликациясы



- Бәйшешектің жапырақтары мен күлтелері қандай пішінде болады?
- Олардың түсі қандай болуы мүмкін?
- Қимаұлгілердің көмегімен апликация бөліктерін қалай дайындауға болады?

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Альбомға бәйшешектің эскизін сал немесе апликация бөліктерін дайында.
- Сыныптастарыңмен бірге шығармашылық жұмыстардың көрмесін ұйымдастыр.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшының тұтқа жағын алға қаратып бер.
- Жұмысты аяқтаған соң жұмыс орныңды жина.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңмен бірге шығармашылық жұмыстар көрмесін ұйымдастыры.

Сыныптастарыңның жұмысын бағала. Ол үшін бағаңа сәйкес келетін әріпті таңда.



Ұқыпты орындалған



Жақсарту керек



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- «Бәйшешек» атауы немен байланысты?
- Шығармашылық жұмыстар жасағанда қандай қырындықтар болды?

7.2. Көктемгі гүлдер

БҮЛ САБАҚТА:

- колорит дегеннің не екенін білесің;
- «дымқылдау» әдісімен сурет салып үйренесің;
- «Көктемгі гүлдер» атты шығармашылық жұмыс жасайсың.


ТИРЕК СӨЗДЕР

- колорит
- «дымқылдау» әдісі




ҮЙРЕН

Табиғат өте әдемі және алуан түрлі (1, 2-суреттер). Әсіресе көктемгі табиғат. Суреттегі көңіл күй, қоршаған әлемнің сұлуулығы түстердің үйлесімі арқылы, яғни **колорит** арқылы беріледі.



1-сурет. В. Ван Гог. Сары бақбақтар алабы



2-сурет. О. Таңсықбаев.
Көктем



Колорит – суреттегі түстердің үйлесімі.



СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Суретшілердің картиналарына қарап, көктемнің белгілерін ата (1, 2-суреттер).
- Суреттердің әрқайсысында қандай колорит басым? Жылды ма, әлде сүйк па?



ҮЙРЕҢ

Гүлдер – сұлулықтың белгісі. Оларды әртүрлі көркем материалдармен бейнелеуге болады.

Палитрада мен үш түсті гуашь дайындағым: сары, жасыл және қызыл (3-сурет).




3-сурет. Палитрадағы үш түс

Бақбақтың құлтелерін салу тәсілдері (4, 5-суреттер): жуан із; ұзын із; қысқа із болуы мүмкін.



4-сурет. Қылқаламмен жұмыс нұсқалары

Жұмыс дәптерінің 79-бетіндегі тапсырманы орында.



5-сурет. Бақбақ гүлін салу кезеңдері




ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Алан саған «дымқылдау» әдісімен сурет салу техникасын ұсынады.

Егер акварель бояуды дымқыл қағаз бетіне жақса, бояу қағаз бетіне таралады. Шындығында осылай екендігіне көз жеткіз.

- Альбом парағының кішкене бөлігін қылқаламмен дымқылда.
- Дымқыл бөлікке қызыл тамшы тамызып, бояудың суланған қағазға таралуын бақыла (6, а-сурет).
- Гүлдің түбіне қоңыр жасыл реңкті үлкен тамшы тамыз (6, ә-сурет).
- Бояу төмен ағуы үшін парақтың жоғары шетін көтер, бояуды қылқаламмен төменге бағыттауға болады (6, б-сурет).



6-сурет. «Дымқылдау» әдісімен сурет салу техникасы



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Жұмыс барысында қылқаламды сілкіме.
- Бояуларды араластыру үшін палитраны қолдан.

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

«Қазақстанның көктемгі гүлдері» композициясын орында.

Жұмыс істеуге арналған көркем материалдар мен құрал-жабдықтарды өз бетіңше таңда. Жұмысында түсті негізгі бейнелеу құралы ретінде пайдалан.

Сыныптастарыңмен бірге көрме үйымдастыр.

Жұмыс дәптерінің 80-бетінде берілген тапсырманы орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңның жұмысын бағала. Ол үшін бағаца сәйкес әріпті таңда.

Қ

Қызықты идея

Ж

Жақсартуға болады



КОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Түс пен колорит суретшіге көктемгі табиғаттағы өзгерістерді көрсетуге және көңіл күйді жеткізуға қалай көмектеседі?

7.3. Жарқырауық қоңыздар

БҮЛ САБАҚТА:

- жарқырауық қоңыз жа-сауды үйренесін;
- «Жарқырауық қоңыз» шығармашылық жұмысын конструкциялайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- жасалым
- үнемдеу



ҮЙРЕН



1-сурет.

Жарқырауық қоңыз

Жарқырауық қоңыз – қараңғыда кішкентай шам сияқты жарқырайтын ерекше қоңыз. Жарқырауық қоңыздар жарық арқылы өзара байланыс орнатады. Ойыншық жарқырауық қоңызды түрлі материалдардан өз қолыңмен жасауыңа болады (1-сурет).



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Сыныптастарыңмен бірге жарқырауық қоңыздың әртүрлі жасалымдарын қарастыр. Оны жасау үшін қандай құрал-жабдықтар мен материалдар қолданғанын анықта. Неліктен бұл материалдар таңдалғанын, жетіспейтін бөліктерді немен ауыстыруға болатынын талқыла (2-сурет).




2-сурет. Түрлі материалдардан жасалған жарқырауық қоңыздар



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- Қимаұлгілердің көмегімен түрлі түсті қатырмашағаздан бөлшектерді қыып алып, жарқырауық қоңызды жаса (3-сурет).




3-сурет. Жарқырауық қоңыз жасауға арналған бөлшектер

Қағазды жұмыс барысында **үнемдеп** пайдалан. Қағаз ағаштан жасалады. Ал ағаштарды қорғай керек.



- Денеге арналған бөліктен цилиндр жаса (4-сурет).
- Денеге құрсағын, яғни сары қағазды, жабыстыр.



4-сурет. Жарқырауық қоңыз жасау кезеңдері

- Аяқтарын жасап, денесіне жабыстыр.
- Қанаттарын қыып ал. Оларды желіммен бекіт.
- Жарқырауық қоңыздың басын жасау үшін дөңгелек сзыып, қыып ал. Оған көздерін, аузын мұртшаларын жабыстыр.
- Басын денесіне бекіт.
- Бұйымды біріктіріп болған соң, жарықдиодты шамды дайын жарқырауық қоңыздың ішіне салуға болады. Бұл сенің туындыңың қарандығыда жарқырауына мүмкіндік береді.


Жұмыс дәптерінің 81-бетінде берілген тапсырманы орында.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Жарқырауық қоңыз жасау үшін қимаулгілердің орналасуын салыстырып қара (5, a, ә-сурет).
- Қай суретте қимаулгілер үнемді орналастырылған деп ойлайсың?



- Қимаұлғілердің көмегімен қанша бөлшекті қыып алуға болады? Сана (5, а-сурет).



5-сурет. Бөлшектерді белгілеп алу

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасы ережесін сақта, қайшының жүзіне қолыңды тигізбе.
- Қайшыны жауып, ұшын өзіңе қаратқан күйде бер.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңмен бірге көрме ұйымдастыр. Жұмыстарды сыныпта қалай орналастыруға болатынын ойлан.

Сұрақтарға жауап беріп, жұмысты бағала:

- Бұйымның конструкциясы қаншалықты берік және ыңғайлы?
- Бұйым ұқыпты құрастырылды ма?



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Жұмыс барысында қандай қындықтар кездесті?
- Оларды қалай шештің?

7.4. Алуан түрлі құстар!

БҮЛ САБАҚТА:

- құстардың алуан түрлерімен танысасың;
- құстардың суретін салып үйренесің.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- колибри
- түйекұс



ҮЙРЕН

Құстарды барлық жерлерден: дала, орман, тау, қала саябағынан, хайуанаттар бағынан көруге болады.

Құстар алуан түрлі! Олардың көбелектің мөлшеріндегі өте кішкентай түрлері де болады. Бұл кішкентай құс **колибри** деп аталады. Құстардың ең үлкені – **түйекұс**. Тотықұс пен тауыс сияқты құстардың қауырсындары түрлі түсті, таңғаларлық әдемі болады. Құстардың қауырсындары жылуды сақтауға және ұшуға көмектеседі (1-сурет).



Колибри

Тотықұс



Түйекұс



Тауыс

1-сурет. Құстардың алуантүрлілігі




ОЙЛАН ДА, ЖАСА



Балапанның суретін салу кезеңдерін қарастыр. Саған таныс қандай фигуralар құстың суретін салуға көмектескенін Аланға түсіндір (2-сурет).


Балапанның суретін қалай салғанымды қарашы.



1

2

3



2-сурет. Балапанның суретін салу



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР




СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Құстардың денесі мен басын, басы мен тұмсығын салыстыр (3-сурет). Ұқастықтары мен айырмашылықтарын анықта.



Күтан



Қаз



Дегелек


Үйрек

3-сурет. Құстар

Жұмыс дәптерінің 83-бетіндегі тапсырманы орында.

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- 4-суретте көрсетілген жұмыс реттілігін сақтап, қағаздан құс жаса;
- құстың қанаттарын, көздерін және қауырсындарын сал.



4-сурет. Қағаздан құс жасау



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қайшымен жұмыс жасағанда мұқият бол. Өткір жағын қолмен ұстама.
- Қайшының үшін өзіңе қаратып бер.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Парталас көршіңмен жұмыстарыңды алмастырыңдар. Көршіңнің жұмысын бағала.

Ол үшін берген бағаңа сәйкес келетін әріптерден екеуін таңда.

Ұ	Ұқыпты жұмыс
Қ	Қызық идея
Ж	Жақсартуға болады
Т	Толықтыру қажет
К	Көрмеге ұсынуға болады



КОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Құстар туралы жаңадан не білгеніңді сыныптастарыңа айтып бер.
- Ұшпайтын құстар бола ма?
- Жыл құстарын білесің бе?

ҚОРЫТЫНДЫ



«Қоршаған орта» бөлімінде:

- сурет салудың түрлі әдіс-тәсілдерімен таныстың;
- суретшілердің картиналарын талдадың;
- түрлі шығармашылық жұмыстар жасадың.




Сен:

- колорит дегеніміз не екенін **түсіндіре аласың ба?**

Сен:

- акварель техникасында дымқылдау әдісімен қағазға салынған гүлдің суретін;



- Суретші О. Таңсықбаевтың «Көктем» картинасын;



- жұмыс тәсілдерін олардың атауымен сәйкестендіріп **көрсете аласың ба?**



Ұзын жіңішке із

Қысқа із

Жуан із

Сен:

- осы бөлімді оқып-үйрену кезінде жасалған шығармашылық жұмыстар көрмесіне тақырып;
- мектепте шығармашылық жұмыстарды орналастыруға орын ұсына аласың ба?



8

САЯХАТ

8.1. Саяхат басталады!

БҮЛ САБАҚТА:

- көлемді пішіндерді қолданып көлік жасауды үйренесің;
- көлік түрлерін конструкциялайсың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- көлік
- инженер
- модель



ҮЙРЕҢ

Көлік – жолаушы және жүк тасымалдауға арналған құрал. Сен көліктің бірнеше түрі бар еkenін білесің (1-сызбанұсқа).

1-сызбанұсқа

Көлік түрлері

Жерүсті көлігі



Жерасты көлігі



Су көлігі



Әуе көлігі



Отбасыңмен бірге көлікпен саяхаттаған өте ыңғайлы. Көлікпен үлкен қалаларға ғана емес, шағын ауылдарға, қорықтарға да саяхат жасай аласың.



Көлік түрлерін жасау кезінде суретшілер инженерлермен бірге жұмыс істейді. **Инженер** – бұйымның конструкциясын жасайтын маман.

Көлік жасау үшін қолда бар түрлі материалдарды пайдалануыңа болады: ермексаз, қағаз, пластик стақандар, бөтелке қақпақтары және т.б. (1-сурет).



1-сурет. Қолда бар материалдардан жасалған көлік түрлері

Жұмыс дәптерінің 84, 85-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ОЙЛАН Да, ЖАСА

Сен илімді материалдардан көлік құралдарының модельдерін жасай аласың. **Модель** – көлік, тікұшақ, ұшақ және т.б. көліктердің кішірейтілген көшірмесі.

Қараши, мен көлемді бөлшектердің көмегімен тікұшақ пен кеменің конструкциясын жасадым.



СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Көлік түрлері бір-бірінен несімен ерекшеленеді (көлемі, пішіні, қызметі)?
- Әр көліктің конструкциясы туралы айтып бер (2-сурет).



2-сурет. Тікұшақ пен кеме конструкциясы



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Ермексаз кескішін абайлап қолдан.
- Жұмыс кезінде бетіңе, көзіңе және киіміңе қол тигізбе.
- Жұмыстан кейін қолыңды құрғақ шүберекпен мұқият сұртіп, жу.



ҮЙРЕН

Жүк көлігін құрастыру үшін мынадай бөлшектер қажет: дөңгелектер, шиналар, шанақ, кабина (3-сурет).



3-сурет. Жүк көлігінің бөлшектері

ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

- Саяхатқа көліктің қандай түрімен баар едің?
- Өзің қалаған көлік түрін жаса.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңмен бірге саяхатқа арналған көлік түрлерінің көрмесін дайында. Сыныптастарың жасаған жұмыстарды бағала. Ол үшін бағаңа сәйкес әріптерден екеуін таңда.



Ұқыпты орындалған



Жақсартуға болады



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Көлік түрлерін жасауда сен үшін қандай қындықтар болды?
- Қандай көлемді бөлшектерден тікұшақтың конструкциясын жасауға болады?

8.2. Саяхат жалғасуда! Дөңгелектер мен біліктер қалай қозғалады?

БҮЛ САБАҚТА:

- автокөлік жасап тәжірибе жүргізесін;
- шығармашылық жұмыс жасайсын.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- автокөлік
- қозғалтқыш
- білік
- дөңгелек



ҮЙРЕҢ

Автокөлік – рельссіз жолдармен адам және жүк тасымалдауға арналған қозғалтқышы бар дөңгелекті көлік (1-сурет).



1-сурет. Автокөлік



СҮРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- 2-суретте көрсетілген автокөлік түрлерін қарастыр. Оларды жасау үшін қандай материалдар пайдаланылған? Анықта (2-сурет).
- Дөңгелектердің өлшемі мен пішіні қандай?




2-сурет. Қолда бар материалдан жасалған көліктер

Жұмыс дәптерінің 87, 88-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ҮЙРЕН

Автокөліктегі **білік** – дөңгелектер орналасатын өзек (3-сурет).



3-сурет. Автокөлік қаңқасы




ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

- Қимаұлгіні пайдаланып, қалың қатырмақағаздан 4 дөңгелек қызып ал (4-сурет).




Қағазды үнемдеу үшін, қимаұлгілерді бір-біріне жақын қойып сыйзу керек.



4-сурет. Дөңгелек қимаұлгісі

- Әр дөңгелектің ортасына кішкене тесік жаса.
- Қарындашты немесе ағаш таяқшаны алып, екі жағынан дөңгелекті кигізіп көр. Сенде дөңгелектері бар білік пайда болады.
- Жабық қорапты алып, бүйір жағына білік орнын белгілеп, тесіктер жаса. Алынған тесіктерге біліктерді кигіз. Оларға дөңгелектерді қайта орнат. Егер дөңгелектер нашар қозғалса, онда білік тесіктерін сәл кеңейту керек (5-сурет).



5-сурет. Автокөлік дөңгелектері мен білігі



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ



Алан автокөліктің жүріс бөлігінің білігі цилиндр пішінді болуы керек деп санайды. Расымен солай ма? Анықта. Әртүрлі пішіндегі біліктері бар конструкцияларды қозғалысқа келтір. Тәжірибе нәтижелерін сыныптастарыңмен талқыла.



ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Өткір заттармен жұмыс жасағанда абай бол!
- Қалың қатырмақағазды немесе кез келген басқа материалды ұстаған кезде, қолынды жарақаттап алудан сақтан.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Сыныптастарыңмен бірге автокөлік көрмесін ұйымдастыр.

Сыныптасыңың жұмысын бағала. Ол үшін бағана сәйкес әріптерден екеуін таңда.



Ұқыпты



Әдемі



Дұрыс



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

- Жол қозғалысы ережелерін үйрену үшін дайын автокөлік үлгілерін қалай пайдалануға болады?
- Сабакта көбірек не ұнағанын әңгімелеп бер.
- Автокөліктер туралы жаңадан не білдің?

8.3. Теңіздермен, толқындармен!

БҮЛ САБАҚТА:

- су көлігі түрлерімен танысасың;
- су көлігін конструкциялайсың.

ТИРЕК СӨЗ

- оригами



ҮЙРЕҢ

Су көлігіне өзендер, мұхиттар, каналдар, теңіздер, суқоймалары және көлдермен тасымал жасайтын көлік түрлері жатады. Суқоймасына байланысты су көлігі келесі түрлерге бөлінеді:



өзен көліктери – қайықтар, паромдар, баржалар, қалқыималы кемелер;


теңіз көліктери – круиздік лайнерлер, танкерлер, контейнер тасымалдаушы кемелер.

СұРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР


- Су көлігінің қандай түрлері адамдардың белгілі бір жерге жетуіне көмектеседі (1-сурет)?
- Қандай су көлігі жүк тасымалдайды?



Қайық



Катер



Лайнер




Баржа

1-сурет. Су көлігі түрлері



ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДА

Саған оригами техникасында қағаздан кеме жасауды үйреткенімді қалайсың ба (2-сурет)?



2-сурет. Кеме жасау кезеңдері



Оригами – қағазды бүктеу арқылы әртүрлі фигуralар жасау өнери.



ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗ

Алан кеменің жылдамдығы оның көлеміне байланысты деп ойлайды, сен мұнымен келісесің бе?

Үдісқа су құйындар. Оған қағаз кемелерді салындар. Қағаз кемелерді үрлеп, олардың жылдамдығын тексеріндер. Олардың жүріп өткен қашықтығын анықтаңдар.

Жұмыс дәптерінің 89, 90-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

- Сыныптастарыңа жасаған кеменде көрсетіп, қалай жасағаныңды айтып бер.
- Жасаған кемен неге арналған?
- Оны қандай материалдардан жасадың?
- Сыныптастарыңнан жұмысыныңды бағалауын сұра.



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

Жүргізілген тәжірибедегі ақпараттың адамдарға жоғары сапалы көлік түрлерін жасауға көмегі тиеді деп ойлайсың ба?



8.4. Үлкен саяхат

БҰЛ САБАҚТА:

- макет дегеніміз не екенін білесің;
- ғарышкеменің конструкциясымен танысадың;
- ғарыш аппаратының макетін жасайдың.

ТИРЕК СӨЗДЕР

- ғарышкеме
- макет



СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕР

- Төмендегі суреттерде не бейнеленген (1-сурет)?
- Әлемдегі алғашқы ғарышкер кім?
- Қазақстан Республикасының ғарышкерлерін атайдың ба?



a)



a)

1-сурет. Ғарыш

Жұмыс дәптерінің 91-бетіндегі тапсырманы орында.



ҮЙРЕН

Әлемдегі ең ірі Байқоңыр ғарышайлағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан. Осы айлақтан тұңғыш рет адамзат ғарышқа үшты.



ОЙЛАН ДА, ЖАСА

- 2-суретке қара. Не көріп тұрсың?
- Бұл ғарыш аппараттары не үшін керек?
- Олардың пішінінде қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?



a)



ә)



б)

2-сурет. Ғарыш аппараттары: a) Жерсерігі; ә) зымыран; б) ғарыш стансысы




ҮЙРЕН


Макет – нысанның кішірейтілген немесе нақты моделі. Сен ғарышкеменің макетін жасай аласың. Ғарышкеме макетінің жасалу кезеңдерін қара (3-сурет).



1



2




3




4




5



6



7



8

3-сурет. Ғарышкеменің макетін жасау реттілігі



Жұмыс дәптерінің 92-бетіндегі тапсырманы орында.



БЕЙНЕМАТЕРИАЛДЫ КӨР



ТӘЖІРИБЕЛІК ТАПСЫРМА

Фарышкеменің құрылымын көзіңе елестет. Оны қолда бар материалдармен жасауға бола ма? Ойластыр. Жалпы көлемі мен пішінін анықта. Қолда бар көркемдік материалдардан қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып макет жаса.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Жұмыс барысында өткір заттарды пайдаланғанда сақ бол.
- Қайшының үшін жоғары қаратып ұстама.



ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛА

Өз жұмысынды және сыныптастарыңың жұмысын бағала.



ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСА

1. Шығармашылық жұмысты орындау кезінде қандай қындықтар туындағы?
2. Фарышкеменің макетін құрастырудың ерекшеліктері туралы айт.

ҚОРЫТЫНДЫ



«Саяхат» бөлімінде:


- көлік түрлерімен таныстың;
- автокөлік құрамы қанша бөліктен тұратынын білдің;
- су көлігінің адамдар үшін маңызын түсіндің.

Сен:

- су көліктерінің түрлерінде қандай айырмашылық бар екенін;
- макет дегеніміз не екенін;
- ғарышкеме көліктің қандай түріне жататынын **түсіндіре аласың ба?**

Сен:

- теңіз көлігінің суретін;



- оригами техникасындағы су көлігінің суретін;



- көлік түрлері суреттері мен атауларын сәйкестендіріп **көрсете аласың ба?**



ауе көлігі

су көлігі

жерүсті көлігі

Сен:

- мектепте немесе сыйыпта көрмені қалай ұйымдастыруға;
- шығармашылық жұмыстар көрмесін қалай атауға;
- берілген суреттерді қолдана отырып көрмені қалай безендіруге **болатынын айта аласың ба?**



ГЛОССАРИЙ

Аппликация – қыып алынған материал бөлшектерін фонға желімдеу техникасы.

Басқұр – киіз үйдің ішін безендіру үшін қолданатын, әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.

Бөлшек – конструкцияның немесе бұйымның бір бөлігі.

Бұйым – біртұтас конструкция.

Фарыш – Жерді қоршап тұрған шексіз кеңістік.

Графикші-суретші – графикалық туындылар жасайтын суретші.

Графика – бейнелеу өнерінің түрі.

Ермексаз – әртүрлі заттар жасау үшін қолданылатын жұмсақ, иілгіш материал.

Кескіш – мүсіншінің негізгі құралы.

Композиция – жұмыстың әртүрлі бөліктерін құрастыру, біріктіру және байланыстыру.

Конструкция – бұйым бөлшектерін бір-бірімен құрастыру.

Контур – тұтас түйік сзыықпен жүргізілген фигуralардың, заттардың, сұлбалардың шеті.

Көлем – жан-жағынан қарастыруға болатын кеңістікте дененің алатын орын.

Көлемді аппликация – негізге алдын ала жасалған көлемді бөлшектер желімделетін аппликация.

Көрме – шығармашылық жұмыстар көрсетілетін орын.

Кітапхана – кітаптар, қолжазбалар сақталатын және оқырмандарға ұсынылатын орын.

Қатырмақағаз – қалың, әрі қатты қағаз.

Қимаулгі – бөлшектерді белгілеуге арналған үлгі.

Құышшақ – матадан, қағаздан, ағаштан, фарфордан, пластиктен және басқа да материалдардан адам немесе жануар бейнесінде жасалған ойыншық.

Қыш – сазды отқа күйдіру арқылы алынған қатты зат.

Қыш шебері – күйдірген саздан ыдыс т.б. бұйымдар жасайтын адам.



Баснасы

Материалдар – бұйымдар жасауға пайдаланылатын заттар.

Мүсін – бейнелеу өнерінің бір түрі.

Мүсінші – көлемді туындыларды ағаштан, тастан, ермексаздан, балшықтан жасап, металдан құятын адам.

Ою – айрықша өрнекті нақыштар.

Палитра – суретші бас бармағына киетін ойығы бар бояу түстерін араластыру үшін пайдаланатын жұқа тақташа. Ағаштан, фарфордан, темірден пластиктен жасалады.

Пейзаж – бейнелеу өнерінде табиғатты суреттей.

Ренқ – бір түстің түрлері.

Ритм – ою-өрнекте бірдей элементтердің қайталануы не кезектесуі.

Симметрия – зат бөліктерінің ортадан бірдей қашықтықта орналасуы.

Сомдау – иілімді материалдардан заттар жасау.

Суреттегі пішін – суреттелетін заттың не нысанның ерекшеліктерін көрсететін сыртқы кескіні.

Суретші – өз ойын, көңіл күйін бояумен және қарындастың көмегімен полотноға түсіре алатын шығармашыл адам.

Сұлба – контурлы, жайпақ сурет.

Сюжет – өзара жалғасқан әртүрлі оқиғаларды сипаттау.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы: ИД "Жибек жолы", 2013. – 264 с.
2. Азаров Ю. П. Искусство воспитания. М.: Просвещение, 1985.
3. Амонашвили Ш. А. Здравствуйте, дети. – М.: Просвещение, 1983.
4. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1991.
5. Журикова Т. Л. Колористическая подготовка обучающихся на занятиях по живописи в художественной школе.
6. Изобразительное искусство Казахстана на рубеже веков. Каталог. – Алматы: Художественная галерея «ОЮ», 2002.
7. Изобразительное искусство Казахстана. Границы реализма. Каталог. – Алматы: Художественная галерея «ОЮ», 2004.
8. Легенды Древнего Казахстана. – Алматы: Аруна, 2008.
9. Левина М. И. 365 весёлых уроков труда. М.: Рольф, 2003.
10. Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство: Т. 1. – Алма-Ата: Өнер, 1986.
11. Чаговец Т. П. Словарь терминов по изобразительному искусству. Живопись, графика, скульптура. Санкт-Петербург: Лань, 2017.
12. Энциклопедия для детей. Искусство: Т. 7., Ч. 2. – М.: Аванта, 1997.

Учебное издание

**Ермилова Елена Владимировна
Попкова Светлана Валерьевна
Козина Светлана Степановна**

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД

Учебник для 2 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулықты безендіруге Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының
картиналары қолданылды

Редакторы Ә. Кунабаева. Көркемдеуші редактор Г. Албаева. Тех. редактор Л. Садықова
Корректоры Ж. Баймагамбетова Компьютерде беттеген А. Кокумова
Иллюстрация Л. Уралбаева, Е. Мельник, Б. Дағелқан

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 6325

Басуға 22.06.22 қол қойылды. Пішімі 70×100¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Segoe UI".
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 13,55. Шартты бояулұры беттаңбасы 54,84.
Есептік баспа табағы 5,80. Таралымы 70 000 дана. Тапсырыс №

"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143
Факс: 8(727) 394-42-30, 394-37-58 Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mekter@mail.ru Web-site: www.mekter.kz